

2 тарау. Ресей билігіндегі Жетісу

“Бұратаналар теңезіндегі” арал. Облыстық басқарма қызметі

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының орта тұсында Ресей әскері Жетісу, Солтүстік Қырғызстан және Оңтүстік Қазақстаннан Қоқан хандығын біржола ысырып тастап, бұл өлкені өзінің әкімшілік-басқару жүйесіне енгізу шараларына кірісіп кетті.

1865 жылы патша үкімімен қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне ерекше Дала Комиссиясы шығарылып, ол екі жыл өткен соң бұл өлкені басқаруға қатысты өз тұжырымдарын ұсынады.

1867 жылы наурызда император Александр II-нің үкімімен Ресейдің Орта Азиялық иелігінде басқару жүйесін құруға қатысты ұсыныстар даярлау мақсатында Соғыс Министрі Д.А. Милютиннің төрағалығымен Ерекше Комитет құрылады. Оның құрамында Орынбор генерал-губернаторы Крыжановский, Бас штаб бастығы генерал-адъютант граф Гейден, Азия департаментінің директоры Стремоухов, Ішкі Істер Министрлігінің жалпы істер департаментінің директоры Мансуров, генерал-майор Черняев, Дала Комиссиясының мүшелері Гирс, Гутковский, Гейнс және Проценко сияқты шенеуніктер бар болатын. Комитет келіп түскен түрлі ұсыныстарды талдай отырып және өлкенің сол тұстағы саяси, әскери, шаруашылықтық және әкімшілік жағдайын талдауға ала отырып, мынадай шешімге келеді:

- 1) Түркістан облысын Орынбор генерал-губернаторлығынан бөлу және мұны кейінге қалдырмастан іске асыру;
- 2) Батыс Сібір Генерал-Губернаторлығынан Семей облысының бөлігін, яғни Тарбағатай жотасының оң жақ бетін алып, оны әкімшілік тұрғыдан Түркістан облысына қосу;
- 3) Комитет белгілеген басты тұжырымдарды негізге ала отырып, жаңа шекаралық өлкенің әкімшілік басқару жобасын жасау;
- 4) Жаңа өлкеге әскери-округтық жүйелердің жалпысына бірдей дербес әскери ұйымдық сипат беру¹.

1867 жылы 11 сәуірде Ерекше Комитет ұсынған баяндаманы патша бекітіп, ендігі уақытта Дала комиссиясына жаңа өлкенің әкімшілік басқару жобасын даярлауды, ал Бас Штабқа жаңа әскери округ жөнінде ереженің жобасын жазуды тапсырады.

Министрлер Комитеті жаңа басқару ережесін даярлаушыларға мынадай екі талапты негізге алуды тапсырады: “1) әкімшілік және әскери биліктің тұтастығын, олардың бір қолда шоғырлануын, саяси сипаты жоқ барлық ішкі істерді сол халықтың өз ортасынан сайланғандарға жергілікті құқық пен дәстүрге сай жүргізуге беру”².

1867 жылы 11 шілдеде патша Александр II империя құрамында Түркістан генерал-губернаторлығын құру жөнінде жарлыққа қол қояды³. Осымен бір мезгілде “Жетісу және Сырдария облыстарын басқару ережесінің жобасы” бекітіледі.

Түркістан генерал-губернаторлығы екі облыстан тұрды: орталығы Ташкент қаласы болған Сырдария облысынан және орталығы Верный қаласы болған Жетісу облысынан.

Жетісу облысының оңтүстік-шығыс шекарасы Қытай мемлекетінің Шығыс Түркістан өлкесімен, оңтүстік батыста Ферғана облысымен, батысында Сырдария облысының Әулие-Ата және Семей облысының Қарқаралы уездерімен, солтүстік-батыста Семей облысының құрғақтағы шекарасы және Балқаш көліне дейінгі аралықты қамтыды⁴.

“Ереже жобасы” бойынша губерниялық басқару “әскери-халықтық” аталды да, оны жүргізу генерал-губернаторға жүктелді. Ал генерал-губернаторды тағайындау немесе босату тек патшаның шешімі арқылы ғана жүрді.

Облысты басқару ісі әскери губернатор мен облыстық басқармаға тиесілі болды. Әскери губернаторға облыстағы әскери және әскери-халықтық басқару жүктелді, ол сондай-ақ Жетісуда орналасқан казак әскерін оның Наказной Атаманы есебінде басқарды. Облыстық басқармаға губерниялық басқару міндеті жүктелді, ол губернатордың кеңсе қызметін, қазыналық палата, мемлекеттік мүлікті басқару және басқа губерниялық әкімшілік және сот мекемелері қызметін жүргізді. Облыстық басқарма әуелде, яғни 1867 ж. уақытша ереже бойынша үш бөлімнен (шаруашылық, қаржы және сот) тұрды. Кейінірек оларға құрылыс (1877) және межелік (1880) бөлімдер қосылды. Бұл бес бөлімдердің тек соңғысы ғана облыстық Земскі жиынынан, ал қалғандары мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылды⁵.

Бұлардан басқа облыстық басқарма жанында облыстағы ормандардың күтімі мен олардан құрылыс материалдарын даярлау мүмкіндігін жобалайтын облыстық орманшы қызметі (1870 ж., Түркістан генерал-губернаторы белгілеген) болды.

Облыстық басқарма өз қызметінде губерниялық басқарманың жеке бөлімдері үшін белгіленген талаптарды басшылыққа ала отырып, оларды мүмкін болғанша жергілікті жағдайға бейімдеп қолдануға тиіс болды. Ал бұл ретте соңғы шешімді әскери губернатор қабылдады. Еуропалық Ресей губернаторларына тиесілі жалпы құқықтардан басқа Жетісу губернаторына облыстық басқарма қабылдаған шешімдердің тек өзі келісетіндерін ғана іске асыруға жол беріп, ал келіспейтіндеріне қатысты өзі қалағандай шешім қабылдап, ол жөнінде генерал-губернаторға жеткізіп отыруға тиіс болды, ал генерал-губернатор болса соңғы шешімді бекітуге немесе бекітпеуге құқылы еді. Сондай-ақ әскери губернаторға облыстық басқарма отырысында қаралатын істердің арасында оның алдын ала өз шешімі болуға тиіс деген істер танысуға беріліп отырды. Мұндай құқын облыс басшылары мейлінше еркін пайдаланды⁶.

Сот істері қылмыстық және азаматтық сот жүргізу заңы негізінде орындалды, ал сот бөлімі өз қызметін мировой соттар съезі мен қылмыстық және азаматтық соттар палатасы құқы шеңберінде атқарды. Жалпы қылмысқа жататын қылмыстық істерді ол бастапқы айыптау камерасы деңгейінде ғана қарап, ал біржола шешім қабылдауға облыстық әскер бастығы жанындағы әскери сот комиссиясына жіберіп отырды.

Қаржы бөлімін жүргізу ісі кейінірек Түркістан қазына палатасы ашылған соң соның қарауына өтті, ал облыстық басқарма міндетінде: салық төлеуге міндеттілер есебін анықтау, қазыналық палатаға облыс бойынша қазына есебіне түсуге тиіс жиын жөнінде мәліметтер беріп отыру; сауда ісін жүргізу және Верный уездік қаражат бөлімін тексеру қалдырылды. 1889 жылы Омбы қазына палатасы ашылған соң Жетісу облысы бойынша қаржы бөлімінің қызметі соның құзырына өтті⁷.

Оқу бөлімі Жетісу облысы Далалық генерал губернаторлығы құрамына өткеннен кейінгі уақытта Батыс Сібір училищелері бас инспекторы, ал бұл қызмет жойылған соң Батыс-Сібір оқу округі қамқоршысы (попечителі) қарауына өтеді. Облыстағы төменгі буын оқу орындарын қадағалау жергілікті халық училищелері инспекторы үлесіне тиді. Облыстық басқарма қарауында Халық Ағарту Министрлігі билігіне өтпеген, 1887 жылы қазақ ауыл-шаруашылық мектептері болып қайта құрылған қазақ интернаттары, оқушылар пәтері мен бұратаналық мектептер болды. Облыстық басқармаға бұдан басқа санаттағы мектептер мен жаңадан ұйымдастырылмақ мектептерге қаржы іздестіру ісі де жүктелді⁸.

Почта ісі Жетісу облыстық почта бөлімі басқармасына қарады. 1886 жылы Түркістан почта-телеграф округы құрылғанда облыстағы почта-телеграф мекемелері соның қарамағына көшті. Ал облыстық басқарма міндетіне почта станцияларын көлікпен қамтамасыз ету, олардың түрлі мұқтажын өтеу жүктелді.

Бұдан басқа облыстық басқарма тау-кен істерімен де айналысты, металл және басқа қазба байлықтарын іздестіру ісін жүргізуге қатысты рұқсат куәлігін берді. Облыс территориясындағы Бахты, Жәркент және Пржевальскі мекемелері арқылы сыртқы сауда қатынасын бақылау ісі жүргізілді.

Облыстағы казак әскері станицаларын басқару ісі алғашқы кезеңде облыстық басқарма құзырында болды, ал 1891 жылғы Змаусым заңы бойынша казак әскері басқармасына өтті. Қалаларды басқару ісі 1892 жылы патша бекіткен Қала Ережесіне сәйкес облыс басқармасынан алынып, жаңадан ұйымдастырылған облыстық қала істері мекемесіне берілді⁹.

1878 жылы Түркістан генерал-губернаторының шешімімен құрылған Жетісу статистикалық комитеті дербес мекеме ретінде бөлініп шыққан емес, ал оның хатшысы қызметі облыстық басқармадағы іс қағаздарын жүргізушілердің біріне жүктелді. Тек 1896 жылдан бастап статистикалық комитет дербес мекеме болып құрылады.

Бұл айтылғандардан өзге облыс басқармасы облыс тұрғындарының әскер қызметін өтеу ісін ұйымдастыру, сондай-ақ абақты қызметіне тиесілі қажеттіліктерді өтеу ісімен де айналысты.

1891 жылы енгізілген Дала Ережесіне сәйкес облыстық басқару ісіне де өзгерістер енгізілді. Солардың ең бастыларына ғана тоқталып өтейік. Облыс халқы санының өсуі, жаңа қоныс аудару келген еуропалықтардың үлес салмағының артуы, осы айтылғандармен бір мезгілде сот жүргізу ісінің күрделене түсуі, сот ісін әкімшілік қызметтен бөлек жүргізуге алып келді. Алдымен облыстық прокурор міндетін атқарушы қызметі тағайындалып, ал 1893 жылдан бастап облыстық сот құрылады¹⁰.

Дала Ережесі енгізілгеннен кейінгі уақытта әскери губернатор мен облыстық басқарманың қызмет ауқымы негізінен өзгеріссіз қалды. Ал өзгерістер негізінен іскерлік пен саудаға, жер және қоныстандыру, оқу-ағарту және басқа әлеуметтік мәселелерге байланысты енгізілгендігін байқауға болады.

1882 жылдың 18 мамырынан Жетісу облысы генерал Колпаковскийдің Батыс Сібір генерал-губернаторы қызметіне тағайындалуымен бір мезгілде оның

өтініші бойынша әкімшілік тұрғыдан осы губернаторлықтың құрамына енеді. Ал 1899 жылы 1 шілдеден бастап патша жарлығы бойынша Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына қайтарылып, ендігі уақытта Ішкі Істер Министрлігі қарауынан Соғыс Министрлігіне өтті¹¹.

Жетісу облыстық басқару мекемелерін құру және олардың жұмысын ұйымдастыру ісі облыстағы тұңғыш әскери губернатор қызметіне тағайындалған генерал Герасим Алексеевич Колпаковскийдің есімімен байланысты¹². Ген. Колпаковский 1868 ж. 17 қыркүйектегі № 1924 Түркістан генерал-губернаторына жолдаған хатында облыстық басқару мекемелерін ұйымдастыру ісінің сылбыр жүріп жатқандығын, сондықтан да оған “сеніп тапсырылған істердің өз уақытында және сәтті атқарылмай қалу”¹³ қаупі бар екендігін айтып, бастығына шағым жасайды. Мұндай мазасыздыққа негіз бар еді. Мәселен, 1867 жылдың қазан айынан бастап келесі 1868 жылдың 19 ақпанында Облыстық басқарма ресми түрде ашылғанға шейін¹⁴ барлық ұйымдастыру ісінің ауыртпалығы әскери губернатор мен оның көмекшісінің үлесіне тиген болатын. Облыстық басқарма іске кірісіп кеткенімен де, оның белгіленген штаттық құрамы біраз уақытқа шейін толық бола қойған жоқ-тын.

Облыс ашылған бетте оның құзырына Семей облыстық басқармасы, Семей әскери губернаторы кеңсесі мен Сібір Казак әскери басқармасы қарауынан өткен жерлер мен әскер бөлімшелеріне қатысты құжаттар да тапсырылды. Ал 1868 жылдың 1-ші қаңтарында Жетісу облыстық басқармасына Қапал және Сергиопол Округтік Приказдарының, Алатау Округтік Басқармасының сот және шаруашылық іс құжаттары өтті¹⁵. Анығырақ айтқанда облыстық басқармаға сол мезгілге дейін аталған мекемелерге тән іс құжаттарымен бірге әлі де толық шешімін таппаған істер де өткен болатын.

Енді Облыстық басқарманың штаттық құрамы және оның өзгерісі жөнінде. Әскери губернатордың 1867 жылы 28 желтоқсанда жоғарғы басшылыққа берген есебі бойынша губернатор мен Облыстық басқарманың штаты мынадай құрамда болды¹⁶:

№1 кесте. Облыстық басқарманың штат құрамы

Әскери губернатор мен оның көмекшілері	Саны	Облыстық басқарма мен оның қызметкерлері	Саны
әскери губернатор	1	әскери губернатордың көмекшісі және облыстық басқарма	1

әскери губернатор жанындағы ерекше тапсырма бойынша: аға шенеунік	1	төрағасы бөлім бастықтары іс қағаздарын жүргізушілер	3 6
кіші шенеунік	1	бухгалтер-кіріс- шығысты есептеуші, экзакутор	1
манчжур және татар тілдерінің аудармашысы	1	манчжур және татар тілдерінің аудармашысы	1
Барлығы	2		12

Яғни, Облыстық басқарма құрылған жылы оның штат құрамы бар болғаны 16 адамнан тұрады. Құжаттық материалдарда бұл берілген шенеуніктердің сапалық (білім деңгейі) құрамы жөнінде ештеме айтылмаған. Ондай есептің кейінгі жылдары ғана қолға алынғаны байқалады. Дегенмен, жыл өткен сайын басқарманың жұмыс ауқымының өсуі кейінірек оның құрамында жаңа бөлімдердің ашылуына, сондай-ақ жаңа штаттық қызметтердің пайда болуына алып келді. Мәселен, 1877 жылы оның құрамында құрылыс бөлімі, ал 1880 жылы межелеу бөлімі ашылды. 1908-1909 жылдары Түркістан генерал-губернаторлығында патша тапсырмасымен болып өткен ревизия кезінде Жетісу облыстық басқармасы штатындағы шенеуніктердің құрамы мынадай көрсеткіштермен сипатталған: әскери губернатор, оның жанындағы ерекше тапсырма бойынша аға шенеунік және кіші шенеунік; вице-губернатор, оның 2 кеңесшісі, ерекше тапсырмалар бойынша 2 шенеунік, 4 іс қағаздарын жүргізушілер, олардың 4 көмекшілері, есеп істері бойынша шенеунік, “Облыстық Ведомствалар” редакторы және типография меңгерушісі, 3 аудармашы, тіркеуші, мұрағатшы (архивариус), облыс инженері, облыс архитекторы, кіші архитектор, хатшы және құрылыс бөлімінің 2 чертежнігі, межелеу бөлімінің бастығы, суландыру жүйесінің меңгерушісі, хатшы, 4 межелеуші және межелеу бөлімінің чертежнігі, статистикалық комитеттің хатшысы және ауылшаруашылығы мен оброктық статъя бойынша шенеунік. Барлығы 39 штаттық қызметкер¹⁷.

Граф К.К.Паленнің ревизия материалдарында Облыстық басқарма шенеуніктерінің білім деңгейіне қатысты мынадай фактілер келтіріледі.

Вице-губернатор, яғни облыстық басқарманың төрағасы уездік училищені аяқтаған, ал қалған шенеуніктердің жоғары білімі бары - 8, орта білімдісі - 9, бастауыш білімі бары - 14, үйден хат танығаны - 5. Жоғары білімі барлары: облыстық басқарманың екі кеңесшілерінің бірі, аудармашылардың бірі, кіші архитектор, су жүйесін меңгеруші, статистикалық комитеттің хатшысы, ерекше тапсырмалар бойынша кіші шенеунік, құрылыс бөлімінің бастығы және оброктық статья бойынша шенеунік.

Басқармадағы 36 шенеуніктің 14-і қазақ тілімен таныс болған. Шенеуніктердің 28-і бұл өлкеде 10-жылдан астам, 3-і бес жылдан астам, ал 5-і бес жылдан кем қызмет жасаған.

Шыққан тегі жағынан: дворяндардан - 3, көпестерден - 1, шенеуніктің отбасынан - 6, мешандардан - 7, діни атағы барлардан - 5, казактардан - 7, шаруалардан - 7.

Шенеуніктердің жергілікті тұрғындардан шыққаны бар болғаны 8, олардың екеуі ғана тілмаш қазақтар, ал басқа өлкеден келгендері 28, олардың жартысы, яғни 14-і Сібір мен Дала облыстарынан¹⁸.

Облыстық басқарманың штаттық құрамы 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін, яғни патшалық билік жойылған сәтте жоғарыда көрсетілген құрамда болғандығын байқаймыз. Мәселен, 1917 жылы наурызда Жетісудағы Уақытша үкімет комиссары Ташкенттегі осы биліктің кеңсесіне Жетісу облыстық әкімшілік басқармасының штаттық құрамы жөнінде мынадай ақпар берген¹⁹:

№2 кесте. Жетісу облыстық әкімшілік басқармасының штаттық құрамы (1917 ж.)

Штат құрамы	Шенеуніктердің саны
әскери губернатор	1
губернатор көмекшісі	1
ерекше тапсырмалар бойынша:	
аға шенеунік	1
кіші шенеунік	1
кеңесшілер	2
іс қағазын жүргізушілер	5

вице губернатор міндетін уақытша атқарушы	1
ерекше тапсырмалар бойынша:	
аға шенеунік	1
кіші шенеунік	1
кеңесшілер:	1
іс қағазын жүргізуші	4
іс қағазын жүргізушілердің көмекшілері	4
есеп бөлімнің шенеунігі	1
қалалардың іс қағаздары бойынша хатшы	1
Қытай және Манчжур тілдері бойынша аудармашы	1
облыстық межелеу бөлімі	1
межелеушілер	6
хатшы	1
чертеж сызушы	1
Барлығы	37

Бұл берілген кестеден облыстық басқару әкімшілігінің қарап отырған мезгілдің соңына қарай айтарлықтай өзгеріске ұшырамағандығын аңғарамыз. Кестеде құрылыс бөлімі бойынша инженер, архитектор және кіші архитектор көрсетілген. Тек әскери губернатор кеңсесінің сәл болса да толығы түскендігі байқалады.

Енді облыстық әкімшілік қызметінің біз қарап отырған мезгілдегі түрлі кезеңдері жөнінде. М. Тынышпаев 1916 жылғы Жетісуда болып өткен көтеріліске байланысты тергеу ісі кезінде Түркістан генерал-губернаторы атына берген көрсетуінде өлкедегі патшалық биліктің тарихын үш кезеңге бөліп (1867-1889, 1889-1905, 1905-1914), оларға ғылыми сипаттама берген²⁰. Біздің пікірімізше белгілі қайраткердің кезеңдеуге негіз етіп алған

принциптері мен ол кезеңдерге берген сипаттамасы тарихи шындыққа жақын, сондай-ақ ол нақты фактілік материалдарға негізделген.

Әрине, қандай тарихи мезгілде болмасын облыстық немесе өлкелік әкімшілік қызметінің негізінде орталық билік орындары белгілеп отырған жалпы империялық мүдде жатты. Өлке немесе облыстағы билік басына келген шенеуніктер де өз қызметін осы империялық мүддеге бейімдеуге, сәйкестендіруге тиіс болды. Басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Сонымен бірге облыс көлеміндегі биліктің бағыты мен мазмұның әскери губернатордың жеке тұлғалық қасиеттеріне де тәуелді екендігін жоққа шығару қисынсыз болар еді.

Әскери губернатордың білім дәрежесі, азаматтық ұстанымы мен көзқарасы облыстағы билік буындарының жұмыс мазмұнына тікелей ықпал жасаушы фактор болғандығы айқын. Сондай-ақ әскери губернатордың қызметі облыстағы қалалар мен селолардағы еуропалық тұрғындардың күнделікті тіршілігіне қандай ықпалды болса, тура сондай әсер жергілікті қазақ және қырғыз халықтарының тұрмысынан да байқалды. Мәселен, болыс съездері сайлаған болыстық басқарушылар мен оған кандидаттарды бекіту, ал егер белгіленген сайлау болмай қалған күнде, жаңа сайлау белгілеу немесе өз қалауы бойынша осы аталған қызметтерге жаңа адамдар тағайындау әскери губернатордың еркінде болды²¹. Молла ретінде сайланған кісіні бекіту, сондай-ақ оны бұл міндеттен босату да соның құзырында еді. Билерді сайлаушылардың тізімін бекіту, сайлау нәтижесі бекітілмей қалған күнде, жаңа сайлау белгілеу; даулы істерді талқылау үшін түрлі уез немесе болыс тұрғындары қатынаса алатын төтенше съездер белгілеу; болысаралық жер дауын шешу мақсатында ерекше съездер шақыру сияқты күрделі істер тікелей осы әскери губернатордың қарауында болды²².

Жетісу жерінде жаңа тамыр жая бастаған билік жүйесінің болашақ тағдырының жергілікті халықтың оны өз мемлекеттігіндей қабылдауына немесе қабылдамауына тәуелді екендігін тура түсініп, мүмкін болғанша бұл қатынастың әу бастан-ақ жағымды мазмұн алуына көп күш жұмсаған қайраткерлердің бірі, әлде алғашқысы генерал Герасим Алексеевич Колпаковский еді. 1858-1864 және 1867-1882 жылдары аралығында Жетісу облысын басқарған мезгілде ол жаңа қалыптасып келе жатқан билік жұмысын дұрыс жолға қойып, жергілікті қазақ және қырғыз халықтары арасында орыс билігі жөнінде жағымды пікір қалыптастыруға көп күш жұмсайды. Генералдың бұл қызметі кезіндегі Петербургтегі жоғарғы басшылық тарапынан да, сондай-ақ жергілікті тұрғындар тарапынан да

колдау тапқан болатын. Бұл пікірдің әділ екендігіне айғақ бола алатын фактілер, әрине, жеткілікті. Солардың бір-екеуіне ғана тоқталып өтейік. Граф К.К. Пален Түркістан өлкесінде жүргізген ревизиялық жұмысы бойынша патшаға даярлаған есебінде өлкедегі басшылық қызметте болған жеке тұлғалардың қызметіне тоқтала келіп: “Три личности из числа покорителей Туркестана оставили после себя глубокий след в деле устройства: генералы Колпаковский, Кауфман и Куропаткин. Другие деятели были или последователями и подражателями, нередко весьма неудачными, кого-либо из них, или оставаясь в крае слишком короткое время, не успевали проводить в жизнь задуманные мероприятия...”

Но и в том, что было создано главными строителями Туркестана, видны крупные различия. Каждый из них, обладая полностью прав, равною власти Наместника Вашего Императорского Величества, создал органы управления, своеобразные не только по строению, но и по традициям и плодам, ими достигнутым.

Созданное генералом Колпаковским носит характер более русский, общегосударственный, доказывающий высокий государственный талант его. Хотя задача его в этом отношении значительно облегчалась тем, что устраиваемая им область, Семиречье, находилась ближе к давно живущей русской жизнью Сибири, откуда можно было черпать примеры и силы, тем не менее из изучения методов и приемов его работы ясно видно, что к цели сближение с общерусскою жизнью он шел сознательно и самостоятельно. Об этом с ясностью свидетельствуют многочисленные распоряжения и представления, сделанные им в короткий период исполнения обязанностей Туркестанского Генерал-Губернатора. Некоторые циркуляры, например, касавшиеся порядка разрешения вопроса об укреплении прав вновь, возникшего класса русских домовладельцев в городах, прямо поражают дальновидностью, несмотря на то, что в столь сложном юридическом вопросе пришлось разбираться человеку, воспитанному на войне и проведшему почти всю жизнь в походах”²³.

Граф К.К. Пален осы есебінде Түркістандағы генерал-губернатор мен әскери губернаторлар билігі арасында қалыптасқан дәстүрлі қатынасты талдауға алып “Түркістанның түпкілікті облыстарында әскери губернаторлар кеңсесі іс жүзінде Ташкент кеңсесінің атқарушы мекемелеріне айналып кеткен”, - деп көрсеткен еді²⁴. Бірақ мұндай баға Жетісу әкімшілігіне арналған емес-тін. Ол жөнінде Пален: ”Жетісудағы әскери губернатор мен Закаспий начальнигінің

жағдайы Түркістанның басқа облыстарымен салыстырғанда жақсы әрі еркіндеу екендігі ешқандай да күмәнсіз”²⁵,- деп жазды.

Қорыта айтқанда, Жетісудағы орыс билігінің бастапқы кезеңдегі қалыптасу процесіне, жаңа билік жүйесінің осы тұстағы мазмұн, сипатын айқындаған тұлғалар облыстың алғашқы билеушісі Г.А. Колпаковский мен Түркістан генерал-губернаторы К.П. фон-Кауфман болғандығы күмәнсіз. Жетісу тарихының білгірі М.Тынышпаев ол жөнінде “...өлке басшылығына осындай тамаша адамдар қойылды, ондай кісілер қазақтар енді қайтып генерал-губернатор қызметіне генерал-адъютант А.Н. Куропаткин тағайындалғанға шейін көрген жоқ,”-деп жазып, бұл тұжырымын мынадай фактілер арқылы дәлелдей түсті: ”Қазақ бұқарасының күткені ақталды: бұрынғы ішкі соғыстар және олардан туып отырған тәртіпсіздік пен берекесіздік тиылды, орыс билігі әділ болып шықты.

Әзіліссіз қақтығыстардан соң қазақтар енді бейбіт мал өсірумен шұғылданды, көп ұзамай егін салуға ден қойды, сөйтіп өлкедегі арнаған орыс билігінің бастапқы кезеңінде жұрттың әл-ауқаты көтеріле бастады”²⁶.

М.Тынышпаев дәл басып көрсеткендей, шынымен де Жетісудағы орыс билігінің бұл алғашқы кезеңі көптеген игілікті, сондықтан да халыққа жағымды бастамаларымен сипатталады. Өлкедегі жағымды өзгерістер жөнінде тиесілі бөлімдерде арнайы тоқталмақпыз, ал бұл арада тұжырымды түрде олардың тек негізгілеріне ғана тоқтатылып өтейік. Бұл кезде дұрыс билік жүйесінің қалыптасуына мүдделік танытқан К.П. фон-Кауфман мен Г.А. Колпаковский облыс және уез басшылығына Аристов, Рейнтель, ағайынды Фредрикс, Ждан-Пушкин және басқа осы сипаттағы білімді, идеяға берілген, қабілетті әрі таза адамдарды тартты, сондай-ақ олардың нәтижелі еңбек етуіне қажет жағдай туғызып, табиғи талап-тілектерін ескеріп, қолдап отырды. Сондықтан да Жетісуға қызметке келіп, өздерін іскерлік тұрғыдан көрсеткен шенеуніктер түрлі шен, артықшылықтар иемденіп, жағдайларын жөндетті. Сонымен бірге генерал Г.А. Колпаковский өздерін жағымсыз тұрғыдан, әсіресе жергілікті халыққа байланысты қызметінде әділетсіздікке жол берген шенеуніктерді қатаң жазалауға шейін барып отырды. Жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін біліп, силаған әскери губернатор, мұндай қатынасты өлкеге қызметке келген басқа да маман, шенеуніктерден талап етті.

Әрине, Кауфман мен Колпаковскийдің билік құрған кезеңі орыс билігінің бимәлім Түркістан жеріне үлкен еппен және есеппен аяқ басқан кезеңі болатын. Бұл алғашқы буын басшылар биліктен кеткен соң жағдай біртіндеп

өзгере бастайды. Ендігі кезеңде билік қызметінде үстемдік алған жергілікті халықтың сеніміне кіру мүддесі емес, тезірек өлкенің табиғи байлығын игеру, сонымен бір мезгілде жергілікті жұрттың өніп-өсу жолында тұрған табиғи талаптарын шегеріп, шектеу болды. Ендігі кезеңде билікке өз қызметінде империяның осы, соңғы мүддесін басшылыққа алған генерал Фольбаум, Велецкий сияқты теріс пиғылдағы шенеуніктер келе бастайды.

Билік орындарының қызметіндегі осындай түбегейлі өзгерістер, оның әсіресе жергілікті билеуші ақсүйектерге қатынасының өзгеруінен анық байқалды. Бұл ретте мынадай кезеңдер көзге түседі. Ресейлік билік Жетісу жеріне алғашқы қадамын жергілікті сұлтандарға атақ беруден бастайды. Мәселен, жоғарыда айтылғандай жергілікті халықтың үйсіндер бөлігін билеуші Сөк Абылайхановқа 8-ші кластағы сұлтан, алтын медаль және алтын сапты қылыш, ал албан тайпасының билеушісі сұлтан Әли Әділевке подполковник атағын берді. Патшалық билік бұл аталған Абылай хан ұрпақтарын қандай мақсатта және не үшін сипағандығын, әрине, жақсы түсінді. Біріншіден, Жетісулық ұлы жүз тайпаларының атынан Ресей империясы құрамына ену жөнінде тілек білдіріп, оған Орталық Азия кеңістігіне тереңдеп ене түсуге қол ұшын бергендігі үшін, екіншіден, Жетісу аймағындағы Қытай мүддесін жақсы түсіне отырып, жергілікті билеуші топты өзіне тартып, дәмелендіре түсу үшін еді.

Ресейдің Жетісу жеріне енуі Қоқан хандығымен, Кенесары хан бастаған азаттық қозғалыспен және Қытай ықпалымен бір мезгілде күрес жүргізу жағдайында жүрді. Осындай қым-қиғаш мүдделер қақтығысуы жағдайында Ресей әкімшілігі жергілікті билеуші феодалдар тобын өзіне қарату мақсатында оларға шен-шекпен мен си-құрметті үлкен “мәрттікпен” таратты, тіптен шашу етіп шашты десе де болады. Мәселен, қырғыз манаптары Қажыбек Таштамбеков пен Қалығұл Әлібеков және Асық Чалов 1847 жылы Кенесары ханды өлтіргендері үшін алтын және күміс медалдармен марапатталды²⁷. Болыс басқарушы Ноғайбай Дәулетбақов 1864 жылы орыс отрядына көлік бергені үшін құрмет қағазын, ал 1865 жылы Әулиеатаны алуға қатынасқаны үшін прапорщик әскери атағын алады²⁸. Сұлтан Құтан Сұлтанбеков 1863 ж. Пішпек қамалын алуға қатысқаны үшін үлкен алтын медаль, 1864 жылы Әулиеата бекінісін алуға қатысқаны үшін үлкен күміс медаль алады, ал 1867 жылы оған қырғыз бен ұлы жүз қазақтарының арасындағы даулы мәселелерге арналған Тоқмақ съезінде белсенділік танытып, Ресейдің мүддесін жақтағаны үшін прапорщик әскери атағы беріледі²⁹. Оразалы Қожамжаров деген қазақ 1862 жылы Ұзынағаш шайқасына Ресей жағында қатысқаны үшін күміс медаль және мақтау

қағазын, 1864 жылы Әулиеата бекінісін алуға қатысқаны үшін 3-ші разрядтағы халат, сол жылы Түркістан және Шымкент бекіністерін алуға қатысқаны үшін әскери орден, ал 1865 Ташкентті алуға қатысқаны үшін алтын қылышпен марапатталады³⁰. Жетісулық қазақ Мәнке Боқтыбаев 1847 жылы Омбыдағы Батыс Сібір әкімшілігіне барып ұлы жүз қазақтары атынан Ресей бодандығын қабылдауға әзір екендігін білдіргені үшін алтын медаль, құрмет халатын және жүзік, 1861 жылы орыс әскери бөлімшесі жорығына атсалысқаны үшін құрмет қағазын, ал 1864 ж. прапорщик атағын алады³¹. Оның үлкен інісі Дәуітәлі Боқтыбаев 1855 жылы орыс билігіне жасаған қызметі үшін құрмет халатын, ал 1856 жылы прапорщик атағын, кіші інісі Ахметжан Боқтыбаев 1864 жылы Әулиеата бекінісін алуға қатысқаны үшін күміс медаль алады. Хорунжий Танеке Дүйсетов орыс билігіне құлшына көрсеткен қызметі үшін 1852 жылы 22 қаңтарда алтын медаль мен марапатталып, 1854 жылы орыс әскер бөлімшесіне Тентек және Ырғайлы өзендерін өтуге көмектескені үшін алғашқы офицерлік атағын алады. 1860 жылдары сұлтан Уәш Ақымбеков бастаған оннан астам қазақ билеушілері орыс әскер билеушісіне қытайлықтарға қарсы қимылда көрсеткен көмектері үшін түрлі медаль және силықтармен марапатталады³².

Орыс билігінің Жетісу жеріндегі алғашқы қадамына байланысты мұндай мысалдарды ұзын тізіммен келтіре беруге болады. Бірақ қандай “мырзалықтың” да болмасын шегі бар екендігі мәлім. Көп ұзамай, яғни ХІХ ғасырдың 70-ші жылдары-ақ бұл марапаттау саясаты өзгеріске ұшырай бастайды. Оған мынадай факті айғақ бола алады. 1877 жылы 29 қазанда Тоқмақ уезінің бастығы полковник Лисовский Жетісу әскери губернаторы атына хат жазып онда Бас Штабқа өзімен бірге 1875 жылы Қоқанды бағындыру жорығына қатынасқан 113 қырғыз жігіттерін “Қоқан иелігін бағындырғаны үшін” медалімен марапаттау жөнінде ұсыныс жасауды өтінеді. Бұл өтінішке байланысты Бас Штабтан 1881 жылы (№ 940 жауап) жауап келіп, онда “Жоғары мәртебеліден Қоқан хандығын бағындырғаны үшін медальмен қосымша ұсынылған адамдарды марапаттау жөнінде нұсқау түскен жоқ, соған байланысты полковник Лисаковскийдің басшылығымен Қоқан жорығына қатынысқан кісілерге медальді өз қаржыларына алуды ұсынғандарыңыз жөн болар еді,”-деп көрсетілген еді³³.

Міне шамамен осы кезден бастап Жетісудағы орыс билігінің қызметінде түбегейлі өзгерістер байқала бастайды. Ендігі уақытта өз мүмкіндігіне сене бастаған ресейлік әкімшілік жергілікті билеушілерді марапаттауды сиретіп, сый-сыяпат берген күнде де алтын-күміс медальдарды шектеп, олардың орнына түрлі разрядтағы халаттар беруге көшеді³⁴.

Патшалық билік қазақ қоғамындағы ықпалды топты қаншама марапаттап, сырттай өзін оған достық пиғылдағы күш ретінде көрсетуге тырысқанымен, ал іс жүзінде қазақ билеушілеріне ешуақытта да сенген емес. Бұл тарихи шындықты әу бастан-ақ орыс билігіне өзін жақын ұстап, оның сеніміне кіруге тырысқан жеке тұлғалардың өмірінен де айқын байқауға болады. Жетісу жерінде сондай орыс билігімен тығыз қатынаста болған сұлтандардың бірі Тезек Абылайханов болды. 1847 жылы орыс билігін мойындаған Тезек төре 1850 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының үкімімен ұлы жүздің албан тайпасының аға сұлтаны болып бекітіліп, жылына 343 рубль күміс жалақы алып тұрды. Орыс билігіне үлкен ынтымақпен көрсеткен қызметі үшін ол 1858 жылы поручик, 1859 жылы капитан, 1861 жылы кокаңдықтарды Жетісудан ығыстыру ісіндегі еңбегі үшін подполковник, ал 1863 жылы полковник әскери атағын иемденіп, 1863 жылы шілдеде Құшмұрынға жеткен қытай қолдарын қазақ жігіттерімен талқандап жеңіп, кейін қашырғаны үшін патшаның өзінің жарлығымен “За храбрость” деген жазуы бар алтын қылышпен марапатталады. 1851 жылдан бастап өмірінің соңына шейін Тезек төренің орыс билігі тарапынан алған түрлі сый-құрметінің тізімі өте ұзақ еді³⁵.

Осыншама алған атақ және құрметіне қарамастан Тезек төре Жетісудағы орыс билігінің “өз адамына” айнала алған жоқ-тын. Мәселен, 1869 жылы әскери губернатор Г.А. Колпаковский Түркістан генерал-губернаторы генерал-адъютант К.П. фон-Кауфманға ресми өтініш жазып Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарындағы сияқты Жетісу облысында да әскери губернатордың жанынан ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік қызметін белгілеп, оған орыс билігіне үлкен құлшыныспен қызмет жасап келе жатқан полковник Тезек Абылайхановты бекітуді сұрайды. Мұндай қадам, Г.А. Колпаковскийдің пікірі бойынша, жергілікті халықтың қалың ортасында болып жатқан өзгерістер мен әрекеттерді өз уақытында біліп отыру үшін және орыс билігіне сенімді қызметімен көзге түскен құрметті қазақтардың өзіміз көңілін қанағаттандырып отыру үшін де қажет еді. Бірақ әскери губернатордың бұл орынды өтінішін генерал-губернатор қабылдамай тастайды. Жеке адам үшін қызмет орнын белгілеу тура емес деген уәж айтып, ал Тезек төре болса өз жұртына онсыз да ықпалды, оның үстіне оған патшалық жарлығымен өмірлік пенсия белгіленген, сондықтан да “Тезек үшін бұл жасалғандар аз емес” деген тұжырым жасайды³⁶. Ташкентте билік құра отырып, өлкедегі белгілі тұлғалардың әрекет-қимылын қырағы бақылап отырған фон-Кауфман осы жауап хатында жаңа әкімшілік басқару жүйесі бойынша Тезек төре “адамдарының болыстықтар бойынша қалай

бөлінгендігі жөнінде мәлімет жеткізуді” тапсырады³⁷. Облыстық басқарма генерал-губернатордың тапсырмасын орындай отырып оған мынадай мәлімет береді: “Сұлтан, полковник Тезек Абылайхановтың бұрынғы төленгіттерін оңтүстік Қапал қайта құру Комиссиясы Алтын Емел және Борохудеир болысы ауылдарына бөліп, олар сөйтіп жалайыр, қаңлы, суан, қоңыр бөрік және албан руларымен араластырылды, қазір олар осы екі болыс құрамындағы азшылықты құрайды. Ал Тезек сұлтанның өзі болса Бейсенбі болыс басқаратын Алтын Емел болыстығының бір ауылымен бірге көшіп-қонып жүр. Соңғы кезде ол болыс басқарушысының ашық жауына айналған, сондықтан да Тезектің ықпалы тіптен өзі бірге көшіп жүрген болыс ауқымында да әбден әлсіз”³⁸.

Генерал-губернаторға арналған осы жауап хатқа әскери губернатор үшін қол қойған полковник Веселитский Тезек төренің сыртынан құпия бақылаушының қойылғанын, оның орыс қызметіндегі полковник Т.Абылайхановтың әрбір қадамын жіті бақылап отырғанын жасырмай айтқан³⁹.

Бұл келтірілген фактілер 1867-1868 жылдары жүргізілген әкімшілік-басқару реформасы нәтижесінде қазақ даласында орнаған тәртіп бойынша жалғыз Тезек Абылайханов емес, жалпы ықпалды ақсүйектер сыртынан қойылған бақылаудың, олардың жалпы саяси жағдайының көрінісі еді.

Ресейлік билік тарапынан қазақ билеуші тобы мен саяси элитасына қатысты көрсетілген бұл сенімсіздік кейінгі жылдары әлсіреген жоқ, қайта қатая түсті. Оны біз сенатор Паленнің 1908-1909 жылдары жүргізген ревизия нәтижесі бойынша Жетісу облысына қатысты жасаған тұжырымдарынан да анық аңғара түсеміз. Пален қазақ қоғамын жақсылар (байлар) мен қара бұқараға бөліп, бұл екі әлеуметтік топтың орыс билігіне қатынасына ерекше тоқталып, “жақсылар орыс қоныстарының құрылуына теріс пікірде, өйткені орыс шаруаларының жер алуы олардың мал шаруашылығын тарылта түсуде, ал қара бұқара болса орыс қоныстанушыларынан жерді жеке басқа тең бөлетін орыс қауымының не екенін түсіну үстінде, отырықшы егіншіліктің артықшылықтарын біліп, егіншілік қаруларын пайдалануды үйреніп отыр. Міне осының бәрі жақсыларға таяу уақытта ескі тұрмыс пен қазақ бұқарасы үстінен жүргізіп отырған билігінен біржола айыратын заманның келе жатқанын сездіріп отыр,”-деген ойды айтып, сондықтан да “жақсылар барлық үкімет орындарына шапқылап, қоныстанушыларға учаскілер бөлу барысында қазақтарға жасалған қиянат жөнінде шағымдар жаудыруда. Ал қара бұқара болса іштей отарлау қызметіне тілектестік білдіріп, болашақта

өзінің крепостниктік тәуелділіктен азат болар күнінің тууын осы іспен байланыстырып отыр”-деп тұжырымдайды⁴⁰.

Міне бұл келтірілген фактілер орыс әкімшілігінің, біріншіден, Жетісу жерінде саналы және мақсатты түрде жеке ықпалды тұлғалардың беделін өсірмеу, тіптен мүмкін болса әлсірету, екіншіден қазақ бұқарасын билеуші топтың ықпалынан ажыратып алып, жаңа келіп қоныстанған орыс селоларының ықпалына аудару пиғылында болғандығын аңғарамыз. Басқаша айтқанда, Жетісу облыстық басқармасы жергілікті халықтың өз билігіне айнала алған жоқ, ондай мақсатты алдына қойған да емес. Облыстық басқарма төңірегін “бұратаналар” теңізі қоршаған отаршыл әкімшілік “аралын” еске салатын еді.

Қорыта айтқанда, ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарының соңына қарай орнаған әскери губернатор мен облыстық басқарма билік орындарының жергілікті халықтың күнделікті тіршілігі мен өміріне тереңдеп еніп, оларды түбегейлі өзгертуге қажет ешқандай да даярлықтары болған емес. Жергілікті халықтың тұрмысын, оның экономикалық және мәдени жағдайын өзгертуге байланысты оның белгілі бір мақсатты әрекеті де байқалаған жоқ-тын. Облыстық әкімшілік құрамындағы межелеу және құрылыс бөлімдері, олардың аты көрсетіп тұрғандай, негізінен қоныс аударма келген еуропалықтардың жағдайы үшін ашылған бөлімдер еді. Сондықтан да бастапқы кезеңдегі Г.А.Колпаковский сияқты жеке тұлғалар қызметінің жалпы алғанда өлкеге түбегейлі өзгеріс алып келуі, әрине, екі талай нәрсе болатын.

Облыстық басқарманың жоғарыда баяндалған құрамда жергілікті өмірді нәтижелі басқаруға қабілетсіз екендігін өзі де жақсы білетін еді. Мәселен Облыстық басқарма 1914 жылғы 20 және 27 ақпан күндері өткен Жалпы Жиналысының отырысында “Жалпы Жиналыс Жетісу Облыстық Басқармасының 1883 жылы белгіленген штат құрамы атқарып отырған жұмыс ауқымы оның әрбір қызметкеріне шаққанда тым үлкен болып отырғандығын ескертеді. Егер штат белгіленген жылы облыс тұрғындарының саны 660 мың адам болғандығын еске алсақ, ал қазіргі уақытта бұл сан 1.320.000 жанға жетіп отыр,”-деп көрсетіп, яғни халық санының өсуіне байланысты облыстық басқарма кеңсесінің де қызмет ауқымының өсіп кеткендігін айтып, Жалпы Жиналыс “Жетісу Облыстық Басқарма штаты құрамын жақын арада өсіріп, күшейте түсуді аса қажет деп табады” деген шешім қабылдайды⁴¹.

Жергілікті басқару немесе “бұратаналар” әкімшілігі

Жоғарыда айтылғандай облыстық және жергілікті басқару ісінің негізін құрған заңдық құжат 1867 жылы 11 шілдеде бекітілген “Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің жобасы” болды. 8 бөлімнен тұратын бұл құжатта облыс шеңберіндегі жергілікті басқарудың барлық буынына тиесілі атқарылатын істердің мазмұны белгіленді. Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфман 1867 жылы 26 қазанда Жетісу облысының әскери губернаторы болып бекітілген Г.А. Колпаковскийге жолдаған №112 нұсқау хатында оған облыстағы жергілікті әкімшілік басқару мекемелерін ұйымдастыру ісіне кірісуді тапсырып, бұл жұмысты жүргізудің реті мен орындаушыларына, аяқтау мерзіміне шейін көрсетіп береді⁴².

Ереже жобасы бойынша облыста бес, яғни Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстық көл және Тоқмақ уездері құрылуға тиіс болды⁴³. Олардың шекарасы да белгіленді. Сергиополь уезінің солтүстіктегі, батыстағы және шығыстағы шеті Жетісу облысының шекарасын білдірді. Оңтүстікте бұл уез Басқан өзені арқылы Қапал уезімен шектесті. Қапал уезінің оңтүстіктегі шекарасы Іле өзені болды. Верный уезінің оңтүстік-батыс шекарасы Балқаш көлі мен Шу өзені арасын бөліп жатқан тау жоталары арқылы өтіп, одан ары Алатаудың солтүстік жоталарын, Шілік және үлкен Кебін өзендерінің жоғарғы сағасын бөліп жатқан таулармен жүріп, одан ары Шіліктің оң сағасын Ыстық көлден бөліп жатқан жоталармен бойлай отырып, Санташ асуына жетіп, одан Кеген өзені бойымен жоғары Қытай шекарасына барып тірелді. Верный уезімен шектесетін Тоқмақ және Ыстық көл уездерінің шеті облыстың шекарасын білдірді. Бұл екі уез өзара үлкен Кебіннің сол сағасын Ыстық көлден бөліп жатқан Алатау жотасымен, сондай-ақ Шу өңірін Қошқар және Қарақол өзендерінің сол сағасынан бөліп жатқан таулармен өтетін болып белгіленді⁴⁴.

Генерал-губернатор фон-Кауфман жаңа ұйымдастырылып жатқан уездердің бастығы міндетін атқарушылардың да белгіленгендігін хабарлап, атын атайды. Олар Сергиополь уезі бойынша капитан Фридерикс, Қапал уезі бойынша подполковник Халютин, Тоқмақ уезі бойынша капитан Кулябка, Ыстық көл уезі бойынша капитан Томский еді⁴⁵. Верный уезінің бастығы бірден анықталып, оған полковник Фридерикс тағайындалады⁴⁶.

Жаңадан белгіленген уез бастықтарының міндетін атқарушыларға уез бастықтары тағайындалып, іске кіріскенше бұрынғы округтік приказға жүктелген іспен айналысу міндеттелді. Осы ұсыныс-хатымен генерал-губернатор жаңа билік жүйесі ұйымдастырылып біткенге шейін облыстағы барлық сот істерін уақытша тоқтата тұруды тапсырады. Мұндай шара енді

ғана құрыла бастаған жаңа билік жүйесіне жергілікті халық тарапынан сенімсіздік туғызбау үшін қажет еді.

Уездердің ашылуымен бір мезгілде жергілікті халық арасында болыстық және ауылдық басқару орындарын ұйымдастыру мақсатында бес қайта құру (реорганизационные комиссии) Комиссиялары құрылып, оларды басқару уез бастығы міндетін атқарушыларға жүктелді. Оларға көмекке бір әскери лауазымындағы немесе уездік сотқа белгіленген адамдар қосылды⁴⁷. Комиссия құрамындағы екі кісінің бірі міндетті түрде қазақ тілін жақсы меңгерген болуы керек еді, ал ондай адам болмаған күнде жергілікті жұрттан орыс билігіне сенімділігімен байқалған аудармашы есебінде бір адам тартуға рұқсат берілді. Комиссия құрамындағы екі адамның құқы тең саналып, ал егер олардың арасында пікір қайшылығы туа қалғанда, ол жөнінде облыс губернаторына мәлімдеу міндеттелді. Н.Аристовтың айтуына қарағанда комиссиялардың құрамына таңдаулы деген жергілікті қайраткерлер енді⁴⁸.

Ресей әкімшілігі Жетісу және Сырдария облыстарында өзі құрып жатқан басқару жүйесінің маңызын тура және дәл түсіне отырып, жергілікті халықтың арасындағы билік орындарын ұйымдастыруға шыққан комиссия мен оның мүшелерінің беделіне аса үлкен назар аударды. Ташкентте отырған генерал-губернатор атқарылып жатқан істің саяси маңызын түсіне отырып, сондай-ақ комиссия мүшелерінің қыс мезгілінде қазақ ауылдарында болатындығын ескеріп, оларға белгіленген жалақыдан тыс күнделікті шығынына мынадай қаржы белгілейді: 1) сөткелік тамағына 3 сом; 2) киіз үй сатып алу үшін 40 сом; 3) көлікке жылқы немесе түйе сатып алу үшін 120 сом және 4) көлік малына жем сатып алу үшін айына 18 сом. Бұдан тыс комиссияның екі мүшесінің әр қайсысына айына жол көрсетушілерді жалдау үшін 25 сомнан және комиссия жұмысы барысында болуы мүмкін күтпеген шығындар үшін деп 100 сомнан бөлінеді.

Комиссия жұмысына тартылған аудармашылардың 1) сөткелік тамағына 1 сом 50 тиын; 2) көлікке жылқы немесе түйе сатып алу үшін 60 сом және 3) көлік малының айлық жем шығынына 9 сом бөлінді⁴⁹.

Егер осы тарихи мезгілде қазақ қоғамындағы жылқы малының әрбір басының базарлық құны 3-4 сомнан, ал қой басының 50-60 тиыннан тұрғанын еске алсақ, комиссия мүшелеріне бөлінген қаржы көлемінің деңгейін түсінуге болады. Қазақ ауылдарына орыс билік жүйесін құруға шыққан комиссияға біраз қаржы бөле отырып, генерал-губернатор мынадай деп көрсетті: “Мен бөлген қаржыға комиссия мүшелері мен тілмаштар өздеріне қажет деген барлық нәрсені сатып алып, қырғыздар отырған

қыстауды аралағанда олардан үй-жай, көлік малын, қандай түрде болмасын құн ағасы немесе сарпай талап етуге тиісті емес,” - деп көрсетті⁵⁰.

Генерал-губернатор нұсқау-хатында комиссия мүшелеріне ең алдымен Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің жобасымен және оған берілген түсінік хатпен мұқият танысып шығып, өздерінің қазақ даласында жасаған әрбір қадамын осы құжаттармен ылғи да үйлестіріп, өлшеп отыруды жүктейді.

Бұл айтылғандарға қосымша комиссия мүшелеріне мынадай да міндеттер жүктелген болатын: а) егер де жұмыс барысында комиссия мүшелері әлдекімнің тарапынан реформаға қарсы сөзімен немесе ісімен әрекет етушіні байқаған болса, ондай адамды комиссия уез ортасындағы белгілі бір орында полиция бақылауында ұстайды; ә) комиссия мүшелерінің шешімімен жергілікті бұратаналар оның жұмысына тартылуы мүмкін, ондай жағдайда ол дауыссыз мүше жағдайында болады; б) комиссияға оның ұйымдастыру жұмыстарына аса белсенділікпен араласқан бұратаналарға генерал-губернатор атынан награда жөнінде уәде беру құқы жүктеледі...⁵¹.

Комиссияларға сондай-ақ уездегі қазақ ауылдарының қыстауларға орналасу тәртібін мұқият зерттеп білу, ол үшін қажет деген құжаттарды бұрынғы Алатау округтік және Семей облыстық басқармаларынан алу тапсырылды. Жетпеген мәліметтерді комиссия мүшелері сенімді деген қазақтардан үлкен сақтықпен сұрап алуға тиіс болды.

Комиссия мүшелеріне жүктелген негізгі міндет, әрине, болыстық және ауылдық билік орындарын ұйымдастыру, осы мақсатта болыс, би және ауылнайларды сайлау, ауылдардағы жұрттарды жинап, енгізіліп отырған билік жүйесінің жұмыс тәртібін, Ереженің тиесілі баптарын түсіндіру жүктелді.

Комиссия жұмысындағы ел арасы жылы қабылдаған жаңалық 1868 жылдың 1 қаңтарынан бастап генерал-губернатордың шешімімен қазақ ауылдарының әскер және орыс шенеуніктері үшін жиналатын көлік (жылқы және түйе) және киіз үй салығынан босатылуы еді. Бұдан былай тек генерал-губернатор ғана төтенше жағдайға байланысты, онда да алдын ала белгіленген баға бойынша көлік малын жинатуға әмір бере алатын болды. Осы нұсқаумен орыс шенеуніктеріне қазақ ауылдарының мал басын санауға тиым салынды. Салық көлемін әрбір болыс үшін заңда көрсетілген мөлшерде губернатор анықтап, ал кімнің қанша төлейтінін әрбір отбасының мүмкіндігіне сай қазақтар өз ішінде шешетін болды.

Генерал-губернатор нұсқауында “Халықты ешкім де ренжіте алмайды: ауылбасы да, болыс билеушілері де халықтан оның өзі белгіленген мөлшерден тыс ешнәрсе жинай алмайды”⁵² - деп көрсетті.

Комиссия өзінің келген мақсаты жөнінде халық арасында дұрыс пікір қалыптастырып алған соң барып, ауылдарды құру ісіне кірісіп, әрбір ошак иесінен қандай туыстарымен бір ауылда болғысы келетіндігін анықтайды. Әрбір ауыл бойынша отбасыларының тізімін жасағанда, комиссия мүшелері бұл істе қазақтардың наразылығын туғызып алмауға тырысып, үлкен сақтықпен жүргізуге тиіс болды.

Басқаша айтқанда, жоғары билік орандары жаңа ғана қалыптаса бастаған орыс басқару жүйесінің беделін сақтауға аса қатты көңіл аударды. Өз ретінде Ташкенттен келіп түскен бұл нұсқау-хат иесінің арғы тегі неміс мәдениетіне барып тірелетін генерал-адъютант фон-Кауфман екендігін де еске алған жөн сияқты.

Ел арасына шыққан комиссияларға қазақ ауылдарын құру барысында мынадай жағдайларға да көңіл аудару жүктелді. Ауыл тұрғындары тізімін жасау барысында ебін тауып және наразылық туғызбай бұрынғы сұлтандарды тізімнен тыс қалдыру, сондай-ақ олардың төленгіттерінің бір бөлігін басқа ауылдарға жазып жіберуге нұсқау берілді. Мұнымен қатар ауылдарға тегі ортаазиялықтар мен ресейлік татарларды жазуға тиым салынды. Егер де комиссияға ауылдарды ұйымдастыру барысында қазақ арасында тұрып жатқан ондай адамдар кездесе қалған күнде, оларды ауыл тұрғындарының тізіміне енгізбей, сонымен бірге тізімге алу жөніндегі тілектерін де біржола үзіп тастамай, еппен ауыл арасы жүрген сарттар мен татарлар немен шұғылданатындықтарын, қашаннан бері қазақтармен бірге көшіп-қонып жүргендіктерін, қанша мал жинағандықтарын біліп, осы және басқа мәліметтерді ерекше есепке алу тапсырылды.

Тарихи әдебиетте орыс әкімшілігінің қазақ даласында өз басқару жүйесін құру тәжірибесі арнайы баяндалған емес. Жетісу облысына қатысты деректік материалдарға сүйене отырып, осы тақырыпқа тоқталып өтейік. "Ереже жобасына" сәйкес, сондай-ақ оған қосымша жіберілген фон-Кауфманның нұсқау-хаты бойынша ауылдағы билік жүйесін құру ісі мынадай бағытта және жүйеде жүруге тиіс болды.

Әрбір уезге шыққан комиссия өз жұмысын алдымен ауылдарды құрудан, яғни ұйымдастырудан бастауға тиіс болды. "Ереже" жобасында әр ауылда жүз шаңырақтан (отбасы) екі жүз шаңыраққа шейін, ал болыста мың

шаңырақтан екі мың шаңыраққа шейін болуға тиіс деп көрсетілді⁵³. Генерал-губернатор нұсқауында комиссияның неғұрлым үлкен, яғни екі жүзге таяу шаңырақтан тұрған ауыл құруға күш салғандығын қалады. Қазақ қоғамы неғұрлым үлкен ауылдардан тұрса, басқару ісі де соғырлым жеңілдене түспек еді. Ауылды құру ісін аяқтаған бетте комиссия сол ауылдағы әрбір он ошақтан бір сайлаушы (онбасы) сайлатып, олар ауылдың сайлаушылар жиналысын құрды. Өз ретінде ауылдың сайлаушылар жиналысы ауылдың старшыны (ауылнай) мен оған кандидатты сайлады. Сайлау барысында комиссия сайланушыларға қатысты өз пікірін білдіре алмайды, тек сайлауды әділ өтуін қамтамасыз етуге міндетті. Ауыл старшыны анықталған соң, комиссия сайлаушылар жиылысы алдында старшынды басқарудың барлық саласына қатысты міндеттері және құқықтарымен мұқият таныстырады. Комиссия айырықша ынтамен ауылдағы сот билігінің билерге тән екендігін түсіндіреді, дау-дамай және ұрыс-керіс істерге ол тек дауласушы екі жақтан бірдей өтініш түскенде ғана араласады, ал ауылда туа қалған жанжал істі тоқтату үшін ол өз билігін қолдана алады.

Бұл атқарылған істен соң комиссия ауыл отбасыларынан әрбір 50 ошақтан бір өкіл (елу басы) сайлауды ұсынады. Осы арада отбасыларына мынаны ескертеді: олар өз мүдделері үшін түрлі ауқатты топтардан таңдаулы деген кісілерді сайлайды, өйткені бұл сайланғандар жиылып болыс съезін құрайды, ал съезд өз ретінде ауылдарға салынатын отбасы (шаңырақ) салығын бөледі. Елубасылар өз ретінде болыс басқарушы мен билерді сайлайды.

Тізім бойынша құрылған ауылдардағы шаңырақтардың саны 1000-2000 толғанда комиссия болыстар құруға кірісетін болды. Сондай-ақ бұл арада да ауыл құрғандағыдай болыс тұрғындары неғұрлым көп болса, соғырлым тиімді саналды, өйткені болыс әкімшілігі шығынын өтеу көпке жеңілдеу түспек.

Болыс ұйымдастыруға кірісе отырып, комиссия орталық ауылдардың біріне болыс сайлаушыларды шақырып, өз ретінде олар ауыл старшындары мен болыс басқарушының жалақы көлемін анықтайды. (Ереженің 100-параграфы). Ереженің 101-параграфіне сәйкес “болыс басқарушының жалақысы және оған хатты жолдау үшін белгіленетін қаржы 300 сомнан кем болмауы” керек-тін⁵⁴. Комиссия осы арада болыс съезіне ауыл басы мен болыс басқарушының өздеріне қарайтын тұрғындардан жалақыға белгіленген суммадан тыс ешнәрсе талап ете алмайтындықтарын түсіндіреді. Болыс съезінде болыс басқарушы мен ауыл старшынына тиесілі жалақы мөлшері жөніндегі құжатты бекіткен соң, болыс басқарушыны, оған кандидат және

билерді сайлау басталады. Сайлаудан соң комиссия съезге жиналғандар алдында болыс пен билердің атқаратын қызметіне тән міндеттерін баяндайды.

Комиссияларға тіптен жаңа ұйымдастырылған болыстықтардың атын қою да міндеттелді. Болыстықтардың аты оның құрамындағы негізгі рудың немесе екі рудан тұрса онда екеуінің атымен бірдей аталатын болды. Ал егер оның құрамына екіден де көп рулар енген болса, онда болыстықтың аты аса маңызды мекеннің атымен аталғаны жөн деп көрсетілді.

Ауылдар мен болыстарды құруға шыққан комиссияның жұмысы “ауылдардың тізіміне енбеген адам қалған жоқ, сондай-ақ уездің жұрты болыстықтарға үйлесімді бөлінді-ау” деген ұғымға өздерінің көздері жеткен соң барып аяқталмақ деп көрсетілді.

Комиссия осы баяндалған ұйымдастыру жұмыстары кезінде әрбір шаңыраққа салынатын салықтың көлемі, оны жинау тәртібі және салыққа қатысты басқа да істер жөнінде түсінік бермейді, өйткені мұндай мәліметтерді ел арасындағы орыс билігіне қарсы пиғылдағы кісілер халықты қорқыту мақсатында пайдаланып кетуі ықтимал деп қаймықты. Шаңырақ салығы мен оны жинау тәртібі жөнінде комиссия болыстық пен ауылдарды құру жұмысын аяқтап, оларды екінші мәрте қайтадан аралауға шыққанда барып айтуға тиісті болды.

Комиссиялардың жұмысы жергілікті болыстық пен ауылдарға біріккен тұрғындарға “Ереже” жобасына сәйкес салық төлеу тәртібін түсіндірумен аяқтауға тиіс болды. Қазақ ауылдары салықты 1868 жылдан бастап төлейтін болып келісілді. Бұл мәселе жөнінде сөз нақтырақ кейінгі параграфта болмақ.

Жергілікті жерлерде ауыл, болыс және уез сондай-ақ оларды басқаруға тиіс билік жүйесін жаңадан құру (реорганизационная комиссия) үшін жіберілген бұл комиссиялар өз жұмысын 1868 жылдың 1-ші наурызында аяқтап, мынадай құрамдағы құжаттар пакетін тапсыруға міндеттелді: 1. Жұмыстың барысы мұқият баяндалған рапорт; 2. Әрбір ауылдағы шаңырақ иесінің аты көрсетілген тізім, олардың орналасқан қыстауының атымен қоса; 3. құрамындағы ру, ауылдардың аты көрсетілген болыстықтардың тізімін, олардың нақты белгіленген шекаралары мен қыстауларын қоса тіркейді. Сондай-ақ жаңа құрылған болыстықтар бұрынғы болыстықтардың қандай бөлігін қамтығаны және әрбір болыстықтың жазғы көшу аумағы мен бағыты көрсетілген мәліметтердің болғаны жөн екендігі де айтылды; 4. болыстар мен ауылдар бойынша болыс басқарушыларының, билердің және ауыл

старшындарының тізімі; 5. қазақ ауылдарындағы татарлар мен ортаазиялықтардың тізімі, олардың қазақтармен қашаннан бері бірге көшіп жүргендігі, айналысатын кәсібі мен мал басы жөніндегі мәліметтер де қоса тіркеледі; 6. әрбір болыстардағы шаңырақ басынан алынатын салық көлемі көрсетілген ведомость; 7. комиссияның жұмысы кезінде оған ерекше қызмет көрсеткен қазақтарды марапаттау жөнінде ұсыныс және 8. әкімшілік қызметке немесе ғылым үшін пайдалы деген мақсатта комиссия жұмысы кезінде жиналған мәліметтер⁵⁵. Комиссиялар даярлаған бұл есептік мәліметтерді өз ретінде әскери Губернатор қорытып, Ташкенттегі Түркістан Генерал-губернаторлығына жіберуге тиіс болды.

Міне бұл баяндалған фактілік материалдардан Ресей үкіметінің Жетісу сияқты стратегиялық маңызы аса зор өлкені қай жағынан болса да шындап игеруге кірісіп кеткенін аңғару, әрине, қиын емес. Сондықтан да генерал-губернатор өз нұсқау хатында өлкедегі болашақ ресейлік әкімшіліктің тағдыры белгілі дәрежеде осы ұйымдастыру комиссияларының тапсырылған аса маңызды бұл істі орындау мәдениеті мен дәрежесіне тәуелді екендігін баса көрсетуі тектен-тек емес-тін.

Сонымен, Жетісуда ресейлік билік жүйесінің ұйымдастырылуы қалай жүрді, оған жергілікті жұрттың қатынасы қандай күйде болды? Енді осы мәселеге тоқталайық. Құжаттық материалдардың көрсетуіне қарағанда 1867 жылы бекітілген “Жетісу және Сырдария облыстарын басқарудың уақытша Ережесінде” белгіленген талаптарға сәйкес жаңа тұрпаттағы ауыл, болыс және уездерді құру, сондай-ақ оларды басқаратын билік жүйесін ұйымдастыру ісі генерал-губернатор белгілеген мерзімнен, яғни 1868 жылдың 1 наурызынан сәл кешігіп аяқталғаны байқалады.

Анығырақ айтқанда, ұйымдастыру комиссиялары өз жұмыстарын мынадай мерзімде аяқтаған болатын: Ыстық көл комиссиясы 1 сәуірде, Оңтүстік-Сергиополь 25 сәуірде, Солтүстік-Сергиополь 11 мамырда, Оңтүстік-Қапал 18 маусымда, Солтүстік-Қапал 27 мамырда, Верный 16 шілдеде, Тоқмақ 8 шілдеде⁵⁶.

Қайсыбір комиссиялар өз жұмысына кешігіп кірісті. Сергиополь және Қапал уездерінде қалың қар түсіп, күннің суытуына байланысты бұл аймақтардағы істі тездету үшін қосымша комиссиялар түзуге тура келген еді. Комиссиялардың жұмысы мынадай нәтижелермен аяқталады: Верный уезінде 17, Тоқмақ уезінде 19, Ыстық көл уезінде 6, Қапал уезінде 13, Сергиопольде 13 болыстықтар құрылды. Әр болыстыққа 1000-нан 2500

шаңыраққа шейін енді. Облыстағы жаңа құрылған 68 болыстық 104.659 отбасын қамтыған еді⁵⁷.

Жетісу әскери губернаторы өзінің 1868 жылғы есебінде “Комиссиялар өз міндетін абыройлы және қанағаттанарлықтай дәрежеде орындап шықты. Соның нәтижесінде 16 шілдеге қарай облыстың көшпелі жұрты Жетісу және Сырдария облыстарын басқарудың уақытша Ережесінде көрсетілген жаңа негіздегі құрылым алды,”- деп жазды. Облыс губернаторы есебінде сондай-ақ жаңа құрылым “қазақтардың тұрмысын мұқият зерттеу нәтижесінде жасалған, халық оны ризашылықпен қабыл алуда, сөйтіп әлгінде ғана енгізіле бастағанына қарамастан ол игі жемісін бере бастады,”- деп те көрсетті⁵⁸.


Халықтың ресми билікке қатынасындағы мұндай жағымды өзгерісті облыс басшысы осы уақытқа шейін салынып келген түйе және киіз үй салығының жойылумен, сонымен бірге отбасынан жиналатын салықтың көлемі екі есе өскенімен, бірақ салық бөлу және оны жинау тәртібінің бұрынғыдан жетіле түскендігі, ал осы жаңалықтарды халықтың жағымды қарсы алғандығымен байланыстырды. Бұл, әрине, облыс губернаторының Тәшкендегі тікелей басшысы алдында берген есебінде жасалған тұжырым болатын, ал есепте жасалған тұжырым мен өмірлік шындықтың арасында алшақтық болатындығы белгілі. Енді соған тоқталайық.

Орыс әкімшілігі үшін ең негізгі және біраз күрделігі бар іс, әрине, қазақ және қырғыз ауылдарын әкімшілік бөліктерге (ауыл және болыс) бөлу, сондай-ақ олар үшін жергілікті билік аппаратын құру болғандығы айқын. Отаршыл әкімшілік құжаттарында жергілікті ауылдарды басқару ісін жүргізетін орындарды “туземная администрация”, яғни “бұратаналар әкімшілігі” атады.

Жергілікті басқару немесе “бұратаналар әкімшілігі. “Жергілікті ауылдық және болыстық басқару аппаратының қалыптасуы мен қызметін, сондай-ақ өзгеру эволюциясын мүмкіндігінше дәл бере алатын құжаттар өте аз кездеседі. Олардың қатарына облыс губернаторының жылдық есебі, оның облыстағы әкімшілік орындарының қызметіне байланысты Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы кеңсесіне жолдаған түрлі хаттары, облыс әкімшілігі тарапынан уездерге шығарылып отырған ревизия материалдары ж.б. құжаттар. Бұл ретте біздің зерттеу жұмысымыз үшін аса маңызды болған құжаттардың бірі 1869 жылы, яғни жергілікті әкімшілік орындары құрылған бетте “Ережемен” (1867) халықты таныстыру үшін ел арасына шыққан ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік подполковник Рейнтальдың есебі болды¹. Осы құжатпен таныса отырып, жергілікті “бұратаналық” әкімшілік

орындарының қалыптасу барысы және оның алғашқы кезеңдегі қызметі жөнінде жап-жақсы түсінік алуға болады.

Сонымен, 1867 жылдың соңы және 1868 жылдың алғашқы жартысында, яғни, бас-аяғы 7-8 ай көлемінде Жетісу өңіріне жаңа әкімшілік-басқару жүйесі енгізілді. Кесте түрінде ол мынадай буындардан тұрды:



Болыс басқарушысының кеңсесі өзінен басқа хатшы (писарь) және түрлі тапсырмалар орындаушы жігіттен тұрды. Болыс басқарушысының жалақысы болыстық тұрғындарының саны мен әл-ауқатына сай, жылына үш жүз сомнан бес жүз сомға шейін болып белгіленді. Бұған хатшы мен жігіттерді жалдауға үш жүзден төрт жүз сомға шейін қосымша ақша белгіленді. Бұл қаржы жылда алым-салықпен бірге болыс тұрғындарынан жиналды. Ауылнай мен оның көмекшілерінің жалақысы да осы тәртіп бойынша ауыл тұрғындарының саны мен әл-ауқатына сай, жылына екі жүз сомнан аспауға тиіс болды. Билерге арнайы жалақы белгіленген емес. Олар қалыптасқан салт бойынша жүргізген сот ісі үшін кінәліден “билік” ақысын алуға құқылы болды⁶⁰.

Тарихи әдебиетте осы уақытқа шейін бұл мәселеге байланысты “патша үкіметі жаңа билік жүйесін енгізе отырып қандай мақсатты көздеді?” деген сауал қойылып келді. Жалпы бұл тура қойылған сұрақ. Дегенмен, біздің түсінігімізше, әуелде “Ресей үкіметі қазақ облыстарына қандай билік жүйесін енгізді,”-деген сауал қойып, соған жауап іздеген орынды болатын сияқты. Өйткені бұл арада көзделген мақсат пен оған жеткізуге тиіс болған құралдың арасында тікелей байланыс бар.

1867-1868 жылдары қазақ жеріне орнатылған әкімшілік-басқару жүйесі ең жоғарғы сатысы генерал-губернатор кеңсесінен бастап, оның ең төменгі сатысы болыс басқарушы мен ауыл старшынына дейін бүтіндей ғасырлар бойы ішкі ресейлік тарихи эволюция нәтижесінде қалыптасқан басқару жүйесі болатын.

Ішкі Ресейлік мемлекеттік басқару жүйесінің төменгі буыны болған селолық немесе болыстық әкімшіліктің заң жүзінде анықталған статусы орыс селосында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қатынастар жүйесі арнасында да және қоғамдық пікір арқылы да орныққан болатын. Орыс селосындағы болыс старшыны өзінен жоғары тұрған сансыз көп әмір берушілер мен өзі тікелей тәуелді селолық сходтың (жиналыстың - Қ.М.) арасындағы үйлестіруші тұлға еді. Анығырақ айтқанда оның қызмет ауқымы өте шектеулі-тін, болыс басқару қызметі ол үшін аса үлкен жүк болатын, сондықтан да ол бұл қызметті қайткен күнде де сақтап қалу үшін түрлі айла шараға бармайтын. Сол сияқты кез-келген орыс шаруасына да болыс старшынының қызмет ауқымы мен мүмкіндігі тайға тамға басқандай айқын еді. Сондықтан да әрбір жаңадан сайланған орыс селосындағы болыс басқарушысы өз орнын даяр және қалыптасқан жүйе арнасынан тауып отырды, ол үшін де және оған тәуелді болыс тұрғындары үшін де бұл қалыпты жағдай-тын.

Міне, осы орыс селолық басқару жүйесі қазақ топырағына сол күйінде көшірілді. Орыс тарихи шындығында қалыптасқан бұл басқару жүйесінің қазақ қоғамына сәйкес келуі немесе келмеуі “Ережені” даярлаған Дала комиссиясын аса қатты толғандырған жоқ еді. Бұл арада ресми құжаттарда айтыла бермейтін ірі мақсаттар көзделгендігі де анық. Олардың ең негізгісі, әрине, қазақ қоғамының іргелі экономикалық, әлеуметтік және рухани негіздерін әлсірете отырып, оған Еділ бойы, Орал және Сібір халықтарына жасаған зорлығын жасап, біржола орыстандырып, шоқындырып жіберуге жол ашу болғандығы күмән тудырмаса керек. Енгізілген жаңа басқару жүйесіне байланысты енді осы жағдайға тоқталайық: 1) жаңа басқару жүйесін енгізе отырып орыс әкімшілік орындары қазақ қоғамындағы рулық қатынастарды, сол тұстағы әкімшілік орындары пайдаланған ұғыммен айтар болсақ “рулық негізді” жоюды көздеді. Реформа авторларының түсінігі бойынша орыс билігінің қазақ қоғамына енер жолында көлденең тұрған негізгі кедергі осы рулық фактор, оның негізгі сыртқы көрінісі болған ру басылары мен рудың ықпалды байлар тобы еді.

2) орыс билік орындарының қазақ қоғамына сайлау жүйесін енгізе отырып көздеген мақсаты да ру басылары мен қуатты саяси топтардың халыққа ықпалын әлсірету болатын. Патшалық билік өзінің бұл пиғылын әсіресе “1868 жылғы Дала облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ережеде” ашық байқатты. Оның “V. О правах киргизов” аталатын тарауында “параграф 243. Киргизы пользуются общими правами, представленными всем сельским обывателям по их состоянию...,”- деп көрсетілген еді⁶¹. Бұл іс жүзінде қазақ

қоғамындағы сол уақытқа шейін орын алып келген сословиялық жіктеулерді жою, яғни сұлтан, бай, батыр және басқа әлеуметтік категорияларды “ауыл тұрғындарына” теңгеру еді.

Жаңа “Ереже” жобасы бойынша болыстық және ауылдық әкімшіліктердегі қызметкерлерді сайлау, салықты ауыл және жеке отбасыларына бөлу және басқа қоғамдық істерді атқару түгелдей бұрынғы ақсүйек, ықпалды топтарға емес, ауылдастар сайлаған елубасылары мен онбасылардың құзырына берілген-тін. Жаңа тәртіптің ең түйінді жері де осы тұс болатын. Орыс билігі қазақ бұқарасына ықпал үшін күресте белсенділікті өз қолына алуға тырысты.

3) орыс билігі қазақ ауылына жаңа басқару жүйесін енгізе отырып жергілікті халық арасынан өзіне әлеуметтік сүйеніш болатын жаңа саяси топты қалыптастырудан үметтенді.

4) енгізілген басқару жүйесі, егер оған жұмсалған қаржы тұрғысынан келсек, мемлекет үшін өте арзан билік болатын.

Енді отарлаушы биліктің осы баяндалған мазмұндағы әрекеті қандай нәтиже берген еді, соған тоқталайық.

Құжаттық материалдардың көрсетуіне қарағанда облыстың жергілікті халқы жаңа енгізілген билік жүйесін аса үлкен ынтамен қабылдаған емес, тіптен оған салғырттық, салқындық танытқан. Оны 1869 жылы “Ереже” жобасын халыққа түсіндіру мақсатында Сергиополь және Қапал уездеріне арнайы іс сапармен барып қайтқан ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік, подполковник Рейнтальдың есебінен және осы есепте көрсетілген фактілерді арнайы талқыға алған Облыстық басқарманың қаулысынан аңғаруға болады.

Халықтың жаңа басқару жүйесін жағымды ынта танытып қабылдай алмауының басты себебі жаңа биліктің ә дегеннен-ақ әділетсіздіктің торына шырмалуы, малтығуы еді. өйткені, біріншіден, жергілікті басшыларды сайлау арқылы анықтау қазақ қоғамына жат құбылыс болатын. Қазақ қоғамы Ресей билігіне енгенге шейін тек хандарын ғана сайлайтын. Ханды сайлауға бүкіл халық емес, оның беделді, жұрт мойындаған тұлғалары ғана қатыса алатын. Ал ел арасындағы ру басы, билер еш уақытта сайланған емес, оларды халық ру басы немесе би ролінде жеке қасиеті мен адамгершілігін негізге ала отырып мойындайтын. Екіншіден, жаңадан енгізілген сайлау жүйесі болыс басқарушы, ауылнай және би қызметтеріне лайықты, ел мойындаған тұлғалардың келуін қамтамасыз ете алған жоқ. Бұрынғы төрелік, ақ сүйектік тегіне, жеке тұлғалық қасиетіне байланысты ел билегендердің орынын енді

патшалық билікке жағыну арқылы өзіне дәулет, абырой алудан үміттенген пысықайлар тобы төбе көрсете бастайды.

Үшіншіден, “Ереже” жобасының 94 бабында “Болыс сайлауы уез бастығының немесе оның көмекшісінің қатысуымен өтеді. Олар сайлаудың барысына ешқандай да араласпай, тәртіпке ғана бақылау жасайды” деп көрсетілген болатын⁶². Шын мәнінде олай болып шықпаған еді. Уез бастығы кімнің болыс болуға лайықтығына байланысты әрқашанда өз пікірін білдіре отырып, сайлау ісіне араласуымен болды. Бұл жағдай бүкіл қазақ даласында болыстық билікке негізінен уез (қазақтар оны “ояз” деген-авт.) бастығы қолдаған адамдардың келуіне, өз ретінде болыстықтан үміткердің уез бастығына пара арқылы жақындауына жол ашқан еді.

Жаңа басқару жүйесін енгізушілер болыс басқарушысын, ауылнай және билерді сайлау арқылы рулық қатынастарға соққы беруден үміттенді. Халық арасында басшы орындарға әділ, дұрыс адамдарды сайлап алуға мүдделілік артады, сөйтіп халықтың жаңа “жоғарғы орыс өркениетінің” артықшылықтарына, оны орнықтыратын әкімшілік жүйесінің келгеніне көзі жете бастайды деп түсінді. 1870 жылы 5 қыркүйекте болып өткен Облыстық басқарманың жалпы мәжілісінің хаттамасында: “Ереже” жобасы бойынша әкімшілік мекемелерінің бәрі де рулық негізді жою бағытында құрылған: барлық қызметкерге сайлау салықты бөлу және қоғамдық істер ру басылары мен байларға емес, шаңырақ иелерінің басым бөлігінің мүддесін білдіретін сайлаушыларға берілген. Сондықтан да орыс билігінің “Ереже” жобасының дәл қолдану барысын қатаң бақылауы нәтижесінде рулық тұрмыс-салт, анығырақ айтқанда оның зиянды көрінісі болған рубасыларының өктем де әділетсіз билігі уақыт өте жойылады”, - деп көрсетілді⁶³. Бұл жергілікті халықтың ішкі өмірін терең және дәл түсіне алмағандықтан, оны мағынасыз қарабайыр тіршілік деп танудан туған үстірт пікір болатын. 1867-1868 жылдары болып өткен алғашқы сайлау нәтижелері соны көрсетіп берген еді. Оны билік орындарының өздері де мойындайды. “Зандық шаралар халық тұрмысын бірден өзгерте алмайды,- деп мойындады жоғарыда аталған Облыстық басқарма мәжілісі. Рулық негіз халық тұрмысы мен санасында өзінің қуатын толық сақтай отырып, жаңа тәртіппен айқасқа түсіп, мүмкін болған жерде оның сыртқы көрінісін өз пайдасына пайдалануға тырысуға тиіс-тін. Соның нәтижесінде жаңа құрылымды енгізгенде болыс басқарушыларының, оларға кандидаттардың, би және ауыл старшындарының басым бөлігі бұрынғы ру басылары, манаптар, сұлтандар, олардың туыстары мен жігіттері болып шыға келді”⁶⁴.

Жаңадан енгізілген билік жүйесін ру басылары мен байлар өздеріне берілген артықшылық есебінде қабылдап, барлық қызметті өзара бөліске салды. Мәселен, Қапал уезіндегі Арасан болыстығының басқарушысы болып Есенбек Танекин, ал оған кандидат болып әкесі Танеке, Токмақ уезіндегі Сарыбағыш болыстығының басқарушысы болып Мырзалы Жантаев, ал оған кандидат болып інісі Мананай сайланған еді. Қайсыбір екі немесе одан көп рудан құрылған болыстарда болыс басқарушысы болып ішіндегі ең үлкен рудың басшысы, ал оған кандидат болып келесі кішірек рудың басшысы сайланады⁶⁵. Осылайша сайлау ісіне рулық мүдде тұрғысынан келу болыс, старшын және би қызметіне қабілетсіз, лайық емес адамдардың келуіне жол ашты. Қарапайым халық алғашында бұл қызметтегі адамдардың атқаратын міндетін түсіне алмады, оларға артылған жүкті құрметті атақ деп ұқты.

1870 жылы облыс губернаторы генерал Колпаковскидің тапсырмасымен Сергиополь уезіндегі халыққа “Ереже” жобасын түсіндіруге шыққан ерекше тапсырмалар бойынша шенеунік подполковник Рейнталь Тасбоқан өзені бойында отырған Арғанаты болысындағы сайлаушылардан өз құлағымен естіген мынадай бір оқиғаны баяндайды. Осы болыстың басқарушысы Тыныспай деген кісі қызметтен кететінін мәлімдеп, оның орнын Нзыккай (кісі есімінің өзгеріске ұшырағаны байқалады – Қ.М.) алып, ал болысқа кандидаттың орны бос қалады. Шілде айының орта тұсында болыстыққа келген уез бастығының кіші көмекшісі Құнанбай Өскенбаев елубасыларды жинап, кандидатты сайлау жөнінде айтып, бұл орынға Бекболсын деген кісінің сайланатындағын мәлімдеп, елубасыларға алдын ала даярланған қаулыға қол қоюды талап етеді. Сайлаушылар уез бастығы көмекшісіне қарсылық көрсетіп, дауыс беруге шар талап етіп, оның үстіне араларында 12 сайлаушының жоқ екендігін айтып, мұндай сайлау тәртібімен келіспейтіндіктерін білдіреді. Құнанбай Өскенбаев сайлаушылардың келтірген пікірлерін құлаққа ілместен, оларға зекіп ұрысып қаулыға қол қойдырады⁶⁶.

Халық арасында міне осы сыңайдағы “Ереже” жобасында көрсетілген заңдық ұстанымдарды өз мағынасы және дәрежесінде түсіне алмаушылық жеткілікті еді. Өзінің қызмет ауқымы мен міндетін тура ұғына алмаушылық немесе оны жүзеге асыруда асыра сілтеушілік, әсіресе, болыс басқарушылары арасында көп кездесті. Болыс басқарушылары өздерін болыстықтағы барлық істерді шешуге құқылы ру басыларындай сезінді, билер сотының ісіне, болыстағы сайлаушылар анықтауға тиіс от басына салық бөлуге араласты. Олар өздерінің негізгі “Ереже” жобасына сәйкес функциялық міндеті а) өз болыстығы шеңберінде тыныштық пен тәртіпті сақтау, адамдардың жеке

және меншіктік құқының бұзылуына жол бермеу; ә) үкімет және жергілікті басқарушы орындардың шығарған заңдары мен үкімдерін жұртқа жеткізіп әрі олардың орындалуын қадағалау: (“Ереже” жобасының параграф 109); билердің болыстық съездеріне қатынасып, тәртіп сақталуын бақылау (параграф 196), билердің талап етуі бойынша жауапкерлер мен куәларды шақырту (параграф 207) және сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету (параграф 111) ж.б.т.с.с. екендігін түсінгілері келмеді. Болыс басқарушылары азаматтарды соттауға, сондай-ақ оларға салынатын салық ісіне араласуға құқылы емес-тін.

Тура осы мазмұндағы түсінбеушіліктерді ауылнай, елубасы және онбасылар да жіберді. Мәселен соңғы екі қызметтегілер салық ісіне келгенде өздерін полицейлер міндетін атқарушылар есебінде сезініп, өздері сайлаған ауылнай мен болыс басқарушыларының бұйырықтарын орындады. Ал шын мәнінде сайлаушылардың (елубасы мен онбасы) міндеті ең төменгі буындағы қызметкерлерді (болыс, ауылнай және би) сайлау, ауылнай мен болыстарға төленетін жалақы көлемін анықтау және оны тұрғындарға шашу, жиналатын алым-салықты болыс тұрғындарына бөлу (“Ереже” жобасының параграф 61, 93, 100, 183, 257, 266, 269, 355) еді.

Осы мазмұндағы қайшылықтар билердің статусы мен қызметінде де байқалды. Мәселен “Ереже” жобасының 183 параграфына сәйкес билерді болыс басқарушылармен бір мезгілде сол бір құрамдағы сайлаушылар сайлады. Ал сайлаушыларға ауылнайлар мен болыстар өздеріне тәуелді адамдарды, сондай-ақ өз пікірі жоқ жағымпаздарды бекітті. Сайлаушылардың сапалық құрамының төмен болуы билердің қатарына ескі қазақ билеріндей ешкімге жалтақтамай әділ шешім қабылдай алатын адамдар емес, керісінше болыс бастығына тәуелді, қабілетсіз адамдар сайланып жатты. Сөйтіп “халық соты” дербестігінен айрылды, параға сатылатын қызметке айналды. Бұған қосымша билер сотының өз үкімін іс жүзіне асыру құқы мен күші жоқ-тын. Сондықтан да билер өздері шығарған үкімді орындату үшін болыс бастығына өтінішпен қайрылуға мәжбүр болды. Өз ретінде болыс бастықтары ел алдында билердің беделі неғұрлым төмен болса, өздерінің беделінің соған сай өсе түсетіндігін жақсы білді. Міне бұл жағдайды байқаған ауыл адамдары өз мәселесін билерден гөрі тікелей болыс басқарушысына барып шешіп алуды жөн көрді. Болыстар сот ісіне араласуға қатаң тиым салған “Ереже” жобасының 196-параграфына көңіл де аударған емес. Билер съезінің шешімін іске асыруды болыс басқарушысына тапсырған “Ереже” жобасының 194-параграфы билердің беделін түсірді.

Сөйтіп билік айтушының ел арасындағы беделі мен әділдігіне негізделген қазақтардың байырғы билер институты келмеске кетіп, оның орнын сайлану арқылы келген шенеуніктер басты.

Сонымен Жетісу облысына енгізілген жергілікті әкімшілік шенеуніктерін сайлау жүйесі қазақ қоғамы үшін көптеген күрмеуі күрделі қиыншылықтар алып келіп қана қойған жоқ, сонымен қоғамдық дертке айналған ауыртпалықтар туғызды. Енгізілген басқару жүйесі бойынша қазақ қоғамындағы негізгі саяси тұлға болыс басқарушылары, яғни болыстар еді. Өйткені орыс отаршыл әкімшілігі болыстан ары тереңдеп қазақ қоғамына ене алған емес, ене де алмайтын еді. Орыс қоғамы жағдайында қалыптасқан басқару жүйесі ішкі дүниесі мүлдем өзгеше қазақ қоғамының ерекшеліктеріне бейімделіп құрылған жоқ-тын. Сондықтан да орыс әкімшілігінің билігі болыс басқарушыларына келіп тірелетін, ал болыстар болса қазақ ауылдарын орыс әкімшілігімен жалғастыратын жалғыз тетікке айналған еді. Сөйтіп болыс басқарушысының статусы реформа авторлары күткендегідей емес, ол жергілікті басқару ісінде аса маңызды тұлға дәрежесіне көтерілген болатын. Ал өз ретінде болыс басқарушысы болыс ішіндегі руаралық бақталастықтың қаруына айналды. Өзінен жоғарғы дәрежедегі отаршыл әкімшілік шенеуніктерінің қолдауына сүйеніп өз қарауындағы адамдарға түрлі қиянат істер жасады. Ресми құжаттардан бұл ретте көптеген фактілер кезіктіруге болады. Солардың бірер мысал келтірейік. “Жетісу облысының әскери Губернаторы мырзаға Шу болысының қазағы Үйсінбай Байғозиннен

Арыз

1877 жылы 18 қазанда біздің болыс басқарушымыз, старшын және билеріміз Биқожа Алетов, Дүйсенбай Құдаринов, Жалбек Наймантаев, Төрегелді Сырымбетов және Мақышев қазынаға салық төлеу үшін кейін 38 құнан қой түрінде қайтаратын болып, ол жөнінде маған қолхат беріп, қарызға ақша алған еді.

Алған қарызын өз уақытында қайтара қоймаған соң мен бірнеше мәрте болыс басқарушысына шағым айтып, қарыз алушылардан маған тиесілі қойларды алып беруді өтіндім. Болыс басқарушысы арызыма құлақ аспады. Онда мен уез бастығына арызданып едім, ол мені 3 күнге отырғызып қойды. Сондықтан да енді міне Жоғары Мәртебелім жоғарыда аталған кісілерден аласы қарызымды қайтарып беру жөнінде уез бастығына нұсқау беруіңізді өтінемін.

1878 жыл 26 июль”⁶⁷.

Г.А. Колпаковский сияқты беделді де әділ облыс басшысының араласуына қарамастан бұл іс шын мәнінде арызданушы үшін нәтижесіз аяқталған еді. Өйткені істің осылай бітуіне уез бастығы, болыс басқарушысы және билер бір ауыздан мүдделі-тін.

Тағы бір мысал. 1880 жылы Талғар болысының басқарушысы Алпысбай Тасболатов осы болыстықтың тұрғыны Әлдекенің Әлімпия атты қызына құда түсіп, тоқалдыққа алмақ болады. Қыздың туыстары қарсылық көрсетіп, қызды Іле поселкесіне жасырады. Болыс А. Тасболатов Верный уезінің бастығы полковник Кушакевичтің тікелей қолдауымен қызды жасырған жерінен зорлық пен тартып алады. Қыздың туыстары болған іс жөнінде Түркістан генерал-губернаторы фон-Кауфманға шағымданады. Соған қарамастан А. Тасболатов бар болғаны жеті-ақ күн абақтыда отырып, тағы да сол генерал-губернатордың араласуымен біржола босанып шығады⁶⁸.

Міне, бұл келтірілген фактілік материалдардан болыс басқарушылары мен олардың серіктерінің өз отандастарына жасаған түрлі қиянатынан аз да болса түсінік алуға болады. Сондай-ақ, болыс басқарушылары бұл түрлі әділетсіздіктерді отарлаушы әкімшіліктің қолдауына сүйене отырып жасады.

Біз қарап отырған тарихи мезгілдің ішінде Қазақстан бойынша, соның ішінде Жетісу облысында шамамен он жеті рет жергілікті әкімшілік шенеуніктерін, яғни болыс, би және ауыл старшындарын сайлау болып өткен. Өз ретінде бұл сайлау науқандары қазақ қоғамы үшін нағыз қоғамдық дертке айналған еді. Ол жөнінде кезінде “Туркестанские ведомости” сияқты басылым орындары, Барлыбек Сыртанов және Мұхамеджан Тынышпаев сияқты Жетісу өңірінің белгілі қайраткерлері өздерінің ресми орындарға жолдаған өтініш және түсінік хаттарында ашық жазған болатын.

Мәселен, “Туркестанские ведомости” газеті “Киргизские выборы в Семиречье” атты мақаласында “Өткен 1903 жыл біздің “Н” болысы қазақтары үшін болыс басқарушысы қызметіне қызу талас жағдайында өтуімен есте қалды. Барлық “атқамінерлер” болыстағы шаңырақ иелерін сатып алу әрекетінде болды.

“Атқамінерлер” бұл іспен қызу араласып кеткені соншалық, олар бар малымен жайлауға көшу, сауда, егін егу, жалпы шаруашылық дегенді естерінен шығарып алды. Жылда егіншілікпен және мал шаруасымен беріліп айналысып жүрген олардың енді қысқа жасаған ешқандай да даярлығы жоқ, күн суыта шөпті, астықты ақшаға сатып алуға мәжбүр болмақ. Ал сайлауға

жұмсаған шығындары шаш етекпен. Қазақтардың өздері де біледі, осы уақытқа шейін бірде бір сайлаудың мұндай қымбатқа түскен еместігін”⁶⁹.

Одан ары мақала авторы болыс сайлауының ішкі механизміне тоқталып, не себепті болыстықтан үміткердің шаңырақ иелерін сатып алуға күш салатындығын түсіндіреді. Ол мынаған байланысты еді. Жетісуға “Дала Ережесі” енгізгенге шейін болыстықтан үміткерлер өзін сайлайтын елубасымен ғана ісі болатын. Ендігі уақытта болашақ болыстық қызметтен үміткер өзінің сайлау компаниясын ертерек, яғни болыс сайлауына шейін бірнеше ай бұрын бастай алатын еді. Басқаша айтқанда, ол енді болыстық сайлаудан бұрын өтетін елубасы және онбасы сайлауын да қамти алатын мүмкіндікке ие болған-тын. Ал соңғыларын сайлайтын ауылдағы шаңырақ иелері еді. Соған байланысты болыстықтан үміткерлер енді шаңырақ иелеріне пара бере отырып, бұдан былайғы сайлау сатыларында елубасы мен онбасы қызметіне түгелдей өз адамдарын өткізіп алуға күш сала бастайды. Бұл жағдай өз ретінде үміткер мен оның жақтаушыларын көп шығынға баруға итермеледі. Жетісу облысы әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырмалар бойынша кіші шенеунік Барлыбек Сыртанов “По вопросу об улучшении киргизской жизни” атты баяндамасында (1907 ж. 9 маусымда жазылған) Пішпек уезінің Талқан болысында болыстық қызмет үшін таласқа түскен екі үміткердің жұмсаған шығынының 52.000 сомға жеткенін жазады⁷⁰.

Соның нәтижесінде болыстағы билік орындарына сайланған онбасы, елубасы, ауыл старшыны, билер өздерінің жеңісі үшін алдымен болыс басқарушысына қарыздар екендігін жақсы білетін. Сондықтан-да олар билікте отырған ендігі үш жыл бойы тек болыс басқарушысының үкімін орындап, соның қалауы бойынша салықтың басым бөлігін жеңілген партия жағындағы ауылдарға салып, сот үкімін де болыс қалағандай мазмұнда шығарып, түрлі айла-әдіспен қарсы партиядағы бақталастарын басып, жаншып отыруға күш салды.

Міне осылайша бірғана болыстықтағы жеке рулардан тұрған ауылдар арасындағы мүдде қақтығысы үш жыл араға салып жасанды түрде қайта жаңғырып, тұтанып, өртке айналып отырды. Өз ретінде бұл жағдай рулық сананың терең тамыр жаюына негіз болды.

Уез әкімшілігі. 1867 жылғы “Ереже” жобасы бойынша уез бастығы өз қызметінде әскери билік пен азаматтық билікті қоса алып жүрді. Уез бастығы қолына әскери күшті пайдалану мүмкіндігін бере отырып үкімет, біріншіден, орыс әкімі санасына өз күшіне деген сенімділік ұялатуды көздесе, екіншіден, керісінше жергілікті халық санасында орыс билігі алдында ылғи да өзін әлсіз

сезіну сезімін орнықтыруды мақсат тұтты. Басқаша айтқанда, жергілікті халық өзіне жақын тұрған уез бастығы жанындағы әскер күшін сезе отырып, оның үкіміне құлақ аспау мүмкін еместігін мойындауға тиіс еді. Осы принцип өлкедегі барлық әкімшілік буындарын қалыптастыру ісінде, яғни генерал-губернатор, әскери губернатор және уез бастығы қызметінде негізге алынды. Жетісу облысында 1867 жылғы ереже жобасы бойынша уез бастығына соған дейін өз алдына билігі болған казак атты әскері де бағынатын болды. Ондағы мақсат уез аумағындағы барлық тұрғындар мен әскер бөлімшелері (ішінде казак құрамылары да бар) үстінен билікті бір қолға шоғырландыру, сөйтіп “қырғыздар санасына үкімет билігіне деген тиесілі құрмет сезімін егу” болып табылды⁷¹.

Әскери биліктен басқа уез бастығына уезде мемлекет заңдарының, жоғарғы билік орындарының қаулы-қарарлары мен үкімдерінің орындалуын, уездегі шенеуніктердің өз міндеткерліктерін атқаруын бақылау жүктеледі. Сондай-ақ уез бастығына уездегі тәртіп, тыныштық және қауіпсіздік, “бұратаналар” әкімшілігі үстінен бақылау, алым-салықтың өз уақытында жиналуын қамтамасыз ету, жолдар мен көпірлердің қызметін, мектептердің таралуы мен қалыпты жұмыс істеуіне жағдай туғызу, сауда мен өнеркәсіптің өсуіне қамқорлық жасау, сот орындарының шешім қабылдауына араласпай, бірақ олардың шешімдерінің орындалуын полицейлік қызмет арқылы іске асыру сияқты міндеткерліктер жүктелді⁷².

Облыстағы Верный, Қапал және Сергиополь қалаларындағы қала шаруашылығы уез бастығына қарады, ал полицейлік билік городничий билігінде болды⁷³. 1886 жылғы “Ереже” бойынша әкімшілік және полицейлік түгел уез бастығы құзырына өтті⁷⁴.

Уез әкімшілігінің штаты мынадай сандық көрсеткіштермен сипатталады⁷⁵.

№3 кесте. Уез әкімшілігінің штаты

Қызмет аты	Штат саны
Уез бастығы.....	1
Уез бастығының көмекшілері...	2
Әскер істері бойынша обер офицер..	1
Іс қағаздарын жүргізушілер.....	2
Аудармашылар.....	2
Барлығы.....	8

Бұдан басқа әрбір уезде уездік дәрігер, оған көмекші акушер және сот қызметі болды. Граф К.К.Пален ревизиясының көрсетуіне сүйенсек уез шенеуніктерінің жылдық жалақысы 14 650 сом болған. Бұл сомаға 500 сом кеңсе шығындары қосылған⁷⁶.

1914 жылғы штат бойынша бұл аталған қызметтерге облыс көлемінде 10 учаске бастықтары қосылған. Осы жылға тән дерек бойынша уез бастығының жылдық жалақысы 2200 сом. Оның көмекшісінің жалақысы 1500, хатшыларының жалақысы 800, аудармашыларының жалақысы 800 сом болып белгіленген. Уез әкімшілігінің штат құрамы 1917 жылғы өзгерістерге дейін өзгеріссіз қалды⁷⁷.

Облыстағы уездердің көлемі уез басқару ісіндегі ең үлкен мәселе болды. Облыстағы алты уездің әрқайсысының көлемі орта есеппен 55 000 шаршы верстен тұрды⁷⁸. Бұған қосымша қазақ ауылдары уез жерінде шаруашылыққа байланысты шашырай орналасты. Қайсыбір уездердің географиялық және ауа райы жағдайына байланысты уез орталығынан алыстағы ауылдарға барып қайту тек жазғы мезгілде мүмкін еді. Соған байланысты уез бастықтары мен оның қарамағындағы қызметкерлерінің ауылдарды аралап қайтуы тек қажеттілікке байланысты ғана іске асырылды. Ал олардың жеке ауылдардың ішкі өміріне араласуы, онымен жақынырақ танысуы бұл өте сирек кездесетін құбылыс болатын. Уездік орыс шенеунігін қазақ ауылдарына келіп қайтуы алым-салық төлейтін шаңырақ санын анықтаумен шектелетін. Басқаша айтқанда, қазақ және қырғыз ауылдары өздерінің ішкі мәселелерімен өз бетінше, ал оларға ең жақын орналасқан уез әкімшілігі уез орталығындағы қалада өз тіршілігімен өмір сүріп жатты. Уез бастығы мен оның кеңсесін қазақ ауылымен жалғастырып тұрған жалғыз тұлға болыс басқарушы еді.

Біз бұл арада отаршыл әкімшілік пен қазақ қоғамы арасындағы шенеуніктердің екі тобын атамай өтуге хақымыз жоқ. Олар уез бастығының кіші көмекшілері мен аудармашылар. Мәселен, 1867 жылғы мәлімет бойынша алғашқы уездер әкімшілігі құрамында мұндай міндетті Верный уезінде штабс капитан Қажығұл Байсеркин, Тоқмақ уезінде Сауранбай Құдыяров, Сергиополь уезінде Оразбай Бекхожин⁷⁹, Қапал уезінде сұлтан Атхан Құдаймендин⁸⁰, Ыстық көл уезінде Тоқсаба Олжабаев атқарған⁸¹.

Өкінішке орай мұрағат құжаттарында аудармашылардың аты-жөнінде деректік материалдар жоқтың қасында. Дегенмен, анығы сол, Жетісу облысындағы уездер әкімшілігіндегі тілмаштар қызметін түгелдей дерлік екі тілді меңгерген қазақтар атқарған⁸². Тілмаштардың қызметіне тән мынадай

екі көріністі кездесетін деректерден байқауға болады. Олар біріншіден, тілмаштар өздерінің уез бастығына жақын тұрғанын пайдаланып байықпалды кісілердің, болыстардың уез бастығымен кездесулерін ұйымдастырғандары үшін пара алуды әдетке айналдырған⁸³. Екіншіден, тілмаштар, граф Пален есебінде орынды көрсетілгендей, руаралық тартыстарға, кикілжіңдерге араласып, руаралық алауыздықтың өршуіне өз үлестерін қосып отырған⁸⁴.

Жалпы алғанда қазақ арасынан шыққан уез бастығының көмекшілері мен тілмаштардың уездік басқару ісіндегі ролі ешуақытта да ықпалды болған емес. Бұл жағдай аталған қызметтегілердің билік иерархиясындағы алатын статусына тікелей сәйкес болатын.

Жалпы алғанда облыстағы уез бастықтарымен оның әкімшілігінің қызметі жоғары билік орындары күткендегідей дәрежеде болған жоқ. Уездік билікке тән мұндай жағдайы Пален ревизиясы да атап көрсеткен болатын⁸⁵. Оны мынадай мысалдан байқау қиын емес. “Ереже” бойынша болыстардағы халық соты қызметін тікелей бақылау уездік әкімшілікке жүктелген. Ревизия болып өткен 1908-1909 жылдары Облысқа қарасты, ауыл санына қарай Верный уезінде-259, Қапал уезінде - 206, Лепсі уезінде - 152, Жаркент уезінде - 137, Пржевальскі уезінде - 212 және Пішпек уезінде - 282 билер соты болды. Осыншама сот орындарының шешімдерінен жергілікті халықтардың тілі мен салтынан, жазу мәдениетінен мақұрым уез бастықтарының хабардар болып, бақылап отыруы әрине мүмкін емес болатын⁸⁶.

Граф Пален өз есебінде уез бастықтарының қызметіндегі түрлі қиындықтар мен кемшіліктерді ең алдымен уездердің жер көлемінің үлкендігімен, яғни басқаруға епетеісіздігімен байланыстырады. Әрине бұл факторды біржола жоққа шығаруға да болмас. Дегенмен, уез әкімшілігінің қызметін бағалауда бұл билік орнының жергілікті халықтардың түпкілікті мүддесінен мүлдем алыс болғанын, яғни олардың экономикалық және мәдени даму жағдайын ешуақытта да өзінің негізгі мұраты ретінде нысана тұтпағанын, анығырақ айтқанда өзін отарлаушы билік буыны дәрежесінде қалып қойғанын айтуға тура келеді.

Облыс өміріндегі өзгерістер

Біз қарап отырған мезгілде (1917 жылы өзгерістерге дейін) облыс әкімшілік тұрғыдан 6 уезге, яғни Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі, Пішпек және

Пржевальскі уездері болып бөлінді. Облыста 1 облыстық - Верный және 5 уездік қалалар болды.

Облыстағы әкімшілік бөліктер мынандай көрсеткіштермен сипатталады (1900 жылы 1 қаңтары-1914 жылы 1 қаңтары аралығы)⁸⁷:

№ 4 кесте. Облыстағы әкімшілік бөліктер

Әкімшілік бөліктердің аты	Саны	
	1900 ж.	1914 ж.
Қалалар: облыстық	1	1
Уездік	5	5
Сауда: орындары	2	1
Слободкалары	2	2
3. Бекіністер	2	2
4. Қазақ және қырғыз көшпелі болыстықтары	144	148
Қазақ және қырғыз болыстықтарындағы ауылдар	1231	1441
- Отбасылары	156.511	191.573
5. Қырғыз отырықшы болыстары	-	5
- болыстықтардағы селолар	2	28
6. Ұйғыр болыстықтары	6	6
- болыстықтардағы селолар	48	48
Дұнған болыстықтары	4	4
- Болыстықтардағы селолар	3	3
Сарт-қалмақ ауылдары	1	1
- Отбасылары	352	472
7. Қазақ станциялары	11	18
- выселкалары	17	16
8. Орыс шаруа болыстықтары	7	64
- болыстықтарындағы селолар	21	158
- дербес старшындық және старосталық құрған селолар	10	34
Орыс хуторлары	-	16
- Қазақ және қырғыз хуторлары	-	4
- Өз еркімен құрылған орыс селолары ..	-	1

Келтірілген кестеден облыста бұл мезгілде сандық тұрғыдан ең көп жеке әкімшілік бөліктерді құраған қазақ және қырғыз болыстықтары екендігі түсінікті. Көрсетілген мезгілде қазақ және қырғыз болыстықтары бар болғаны төртке ғана өскен және олар жергілікті халықтардың табиғи өсімі арқылы жүргендігі айқын (35.062 отбасыға) күрт өсу орыс переселен шаруа

болыстықтарына тиесілі болды. Бар болғаны 14 жыл ішінде облыста 57 қоныс аударушы орыс болыстықтары құрылған. Бұл, әрине, қоныс аудару процесінің өте жоғарғы деңгейде жүргендігін айғақтайды. Соның нәтижесінде облыста жаңадан 137 орыс селолары пайда болған.

Осы мезгіл ішінде облысқа қарасты қырғыз жерінде жергілікті халық арасында отырықшы тұрмысқа жедел қарқынмен өту процесінің жүргендігін байқаймыз. Жаңадан пайда болған бес отырықшы қырғыз болыстықтары соның көрінісі. “Обзор Семиречинской области за 1913 год” жинағында көрсетілген бұл сан дәл емес болуы әбден ықтимал. Өйткені облыс әскери губернаторының 1914 жыл бойынша берген есебінде “1915 жылдың қаңтарына қарай он отырықшы қырғыз болыстықтары біржола қалыптасты, оларды 21210 жан ер және 17365 жан әйел жынысты тұрғындары бар 8267 шаруашылық 67 селоға біріккен. Бұл болыстықтардың бәрі де Еуропалық Ресейден қоныс аударушылар аса ынтық Пішпек уезінде пайда болды,”-деп көрсетіледі. Осы есепте Лепсі және Пржевальскі уездерінде де қазақтар мен қырғыздардың топ-тобымен отырықшы тұрмысқа өтіп, алты село құрып, оларды орыс шаруа болыстықтары сипатына жатқызу жоспарланып отырғандығы айтылады⁸⁸.

Облыстағы қазақ және қырғыз болыстықтары құрамындағы өзгерістер мынадай көрсеткіштермен сипатталады⁸⁹:

№ 5 кесте Облыстағы болыстықтардың саны

Уез аты	Қазақ және қырғыз болыс-қ саны		
	1870	1897	1914
Верный уезі	17	26	25
Қапал уезі	13	16	24
Лепсі уезі	11	21	21
Пішпек уезі	21	33	33
Пржевальскі уезі	7	27	38
Жаркент уезі	-	20	20
Барлығы	69	143	151

Бұл кестеден қазақ және қырғыз болыстарының саны тұрақты өсу жолында тұрғанын байқаймыз. Болыстықтар санының артуы негізінен, әрине, халық санының табиғи өсуі арқылы жүргендігі дау туғызбаса керек. Дегенмен жергілікті халықтардың сандық тұрғыдан өсуі болыстықтар санынан аңғару

киын. Бұл процес отбасы санының артуымен анығырақ байқалады. Оны мына кестедегі көрсеткіштерден көреміз⁹⁰:

№ 6 кесте. Облыстағы отбасыларының саны

Уез аты	Қазақ және қырғыз отбасы-ң саны		
	1878	1897	1914
Верный	34.136	26.601	30.513
Қапал	26.337	24.199	37.239
Лепсі	24.515	32.448	36.010
Пішпек	26.559	29.636	34.053
Пржевальск	14.909	27.615	35.214
Жаркент (ҚҰлжа ауданы)	13.283	16.038	20.523
Барлығы	139.739	156.537	193.552

Жалпы облыс көлемінде отбасы санының қарқында өсуі алғашқы жиырма жылдықта (16.798) емес, келесі екінші мерзімде (37.015) жүргендігі байқалады. Бұл отырықшы тұрмысқа өткен Шығыс-Сокулук болысы (15 село, 4 хутордан тұрған) қырғыздарының отбасы санын есепке алмағанның өзінде⁹¹. Кестеде берілген сандық көрсеткіштер 1897-1914 жылдар аралығында облыстағы қазақ және қырғыз халықтарының күрт демографиялық өсу процесін бастарынан кешіргендігін айғақтайды.

Ресей империясы құрамына енгеннен кейінгі мезгілдегі облыс жұрты санының өсуі және оның ұлттық құрамы мынадай көрсеткіштермен сипатталады⁹²:

Кесте № 7 . Облыс тұрғындарының саны және ұлттық құрамы

Облыс халықтары	1868 ж.	1897 ж.	1913 ж.	1920 ж.
Қазақ-қырғыз	349.927	794.815	904.581	603.126
Орыстар	24.765	95.465	289.594	268.662
Ұйғырлар	18.000	55.999	78.729	44.989
Дүнгендер	18.000	14.130	20.100	10.303
Татарлар	1.500	8.353	13.023	10.564
Сарттар(өзбектер)	1.500	14.895	4.804	15.062
Басқа Ұлттар	14.000	4.206	1.331.115	6.914
Барлығы	408.192	987.863		959.620

Шамамен жарты ғасыр мерзім ішінде облыс халқы 3.5 есеге өсті. 1897 жылы облыс халқының саны 987.863 адамға жетті, яғни облыс құрылған 1867

жылмен салыстырғанда оның жұртының саны 579 671 адамға көбейген. 1917 жылғы революциялық өзгерістерге шейінгі облыс халқының ең көп өсімгі жеткен жылы шамамен 1913 жыл. Бұл жылы облыс халқының саны 1 331 115 адамға жеткен, яғни 1897 жылмен салыстырғанда 343 252 адамға өскен.

Біз қарап отырған тарихи кезеңде облыс халқының саны табиғи да және механикалық та тұрғыдан өсу жолында тұрды. 1897-1906 жылдары, мәселен, облыс тұрғындарының әрбір жылғы табиғи өсімі 12% жетті⁹³. Осы тарихи мезгілде, яғни 1897-1917 жылдар аралығында облыстағы орыс тұрғындардың үлес салмағы 7.79 дан 19.41 пайызға көтерілді. Облысқа ішкі Ресейлік губерниялардан келген қоныстанушылардың ең үлкен бөлігі 1909-1912 және 1914 жылдары (86.4 мың адам немесе 1897-1916 жылдары келгендердің 72.6 %) келген⁹⁴.

1868 жылы бар болғаны 24.765 адам ғана болған орыстардың 5.265-і әскер қызметіндегілер, 15.000 казактар және 4.500 әртектілер⁹⁵. Бұдан орыс тұрғындарының бастапқы кезеңдегілердің басым бөлігі әскер қызметіндегілер мен олардың отбасы мүшелері болғандығын аңғарамыз. Қоныс аударушылардың арасында шаруалардың үлес салмағы тек XIX ғасырдың 90-шы жылдарынан соң ғана арта бастайды.

Біз қарап отырған мезгілде Жетісу өңірінің өмірі Қытай империясы құрамындағы Шығыс Түркістанмен тығыз байланысты болды. XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы Қытайдың батыс Шанши, Гансу және Іле аймақтарын қамтыған саяси оқиғалар, осы өңірдегі дүнген, ұйғыр, казак, қырғыз және басқа халықтардың азаттық қозғалысының жеңіліс табуы, олардың белгілі бір бөлігінің Жетісуға ығысуына мәжбүр етті. Бір ескерерлік жағдай, Қытай ресми билік орындарынан шыққан құжаттарда көтерісшілер “басбұзар”, “қарақшылар” есебінде аталды⁹⁶.

1871 жылы орыс әскері Құлжа өлкесіне басып кіріп көтерілісті басуға атсалысты. 1881 жылғы екі арадағы келісім шарт бойынша Ресей Қытайға Құлжа өлкесін қайтарып, бірақ жергілікті халықты тыныштандыру мақсатында, сондай-ақ басқа да себептерге байланысты дүнген, ұйғыр және басқа өлке тұрғындарын өз қалауларымен Жетісуға қоныс аударуға рұқсат береді. Қоныс аударушы ұйғырлар Жаркент және Верный уездерінен, ал дүнгендер Токмақ және Ыстық көл уездерінен егіншілікке жарамды жер үлестерін алды. Ұйғырлар 1897 жылғы санақ бойынша 56 мыңға жуық болса, бұл көрсеткіш 1917 жылы 78 мыңнан асып жығылды. Дүнгендердің саны осы мезгілде 15 мыңнан 20 мыңға көтерілді.

1867 жылғы көрсеткіштерге қарағанда қазақтар мен қырғыздардың арасындағы татарлар мен сарттардың сандық құрамы көп болған емес. Басым бөлігі саудамен айналысып, негізінен қала, бекініс және станицаларда тұрған олардың саны 1500 адам ғана.

Сарт және татарлардың саны бұл көрсеткіштен анағұрлым көп болуы әбден ықтимал. 1867 жылға тән бір құжаттың көрсетуіне қарағанда қазақ және қырғыз ауылдары арасында өмір сүрген олардың Алатау округындағы саны 730 отбасы. Олардың 251-і Верный, 177-і Қапал, 158-і Тоқмақ, 77-і Ыстық көл және 67-і Сергиополь уездерінде тұрған⁹⁷. Алғашқы кезеңде бұл әлеуметтік топқа орыс билігі сенімсіз қараған, қазақ пен қырғыз арасында өздеріне қарсы үгіт жүргізеді деп түсінген.

Кейінірек жаңа өлкеде сауда мен қолөнердің жедел дамуына мүдделілік таныта отырып билік орындары біртіндеп қалалар мен елді мекендерге ортаазиялық сарттар* мен татарлардың қоныстануына рұқсат береді. 1891 жылы Тоқмақ және Зайцевскідегі (Верный уезі) орыс селоларының қасынан сарттар сауда орындарын ашады, ал 300 татар отбасылары Қапал уезіндегі Гавриловскі поселкісіне тіркеледі⁹⁸.

1915-1917 жылдар аралығы жалпы Қазақстандағыдай Жетісу облысында да халық санының азайып кетуі байқалады. Ол, әрине, 1916 жылғы белгілі оқиғалардың салдары болатын.

М. Тынышпаевтың есебі бойынша 1916 жылғы дүрбелең Жетісу облысының 44 болысын қамтып, осы болыстықтарда тұратын 47 мың 759 түтіннің 40 мың 250-і, яғни 201.250 адам Қытай жеріне босқыншылықпен барған. Барғандардың 95 200-і ашаршылықтан, суықтан және басқа түрлі себептерге байланысты қырғынға ұшыраған.

Босқындардың кейін оралғаны 69 мың, ал Қытай жерінде қалғаны 12 мың адам⁹⁹.

Облыс халқының осы мезгілдегі қалалық және ауылдық құрамындағы өзгерістер мынадай сандық көрсеткіштермен сипатталады¹⁰⁰:

* деректерде бұл саудамен айналысатын топты “ташкенттіктер” деп те атайды. 40

№ 8 Кесте. Облыс халқының қалалық және ауылдық құрамындағы өзгерістер

Уездер	Ауыл (село) алқы		Қала халқы	
	1897 ж.	1914 ж. қаңтар	1897 ж.	1914 ж. қаңтар
Верный.....	201.139	252.990	22.744	43.775
Жаркент	106.542	149.703	16.094	9.860
Қапал	130.238	199.235	6.183	4.535
Лепсі	177.599	196.886	3.230	8.764
Пішпек	169.962	244.160	6.615	20.203
Пржевальскі	139.409	185.587	8.108	15.418
Барлығы	924.889	1.228.561	62.974	102.555

Кестеден көрініп тұрғандай, 1914 жылы да облыс жұртшылығының басым бөлігі, сол бұрынғы 1897 жылдағыдай (91.24%) ауылдық жерде тұрды. Жеке уездерге шаққанда ауыл тұрғындарының көптігі жағынан бірінші орында Верный уезі, ал онан соңғы кезекте ретімен Пішпек, Қапал, Лепсі, Пржевальскі және Жаркент уездері тұрды.

Қала өмірі. Облыста 6 қала болды. Олардан Верный-1868, Қарақол-1869 (Пржевальск атанып), Пішпек-1878, Лепсі-1883 және Жаркент-1891 жылдары қала мәртебесін алды¹⁰¹. Бұлардың арасында үлкен қарқынмен даму алғандары Верный, Пішпек және Пржевальскі қалалары еді. Оның басты себебі, әрине, бұл қалалардың (географиялық тұрғыдан) өте қолайлы жерде, яғни қарқынды қатынас жолы бойына орналасуына байланысты болса керек.

Билік орындары Жетісу өңірінде қалалардың әкімшілік, өнеркәсіп және сауда орталықтары ретінде қалыптасып, дамуына қажет шарттар туғыза отырып, бірақ олардың тұрғындарының басым түрде орыстардың болғандығына, яғни әу бастан-ақ қалалардың орыс билігі мен өмірінің бұл өңірдегі тірегі болуына жете көңіл аударды. Осы мақсатты көздей отырып билік орындары “Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің жобасына” “Сергиополь мен Қапал қалаларына берілген жеңілдіктер Верный қаласына қоныстана бастаған тек орыс тұрғындарға ғана тарайды” деген бап енгізілді¹⁰². Бұл қандай жеңілдіктер еді?

Ол жөнінде 1859 жылы маусымда патша бекіткен Сібір Комитетінің Ережесінде айтылған. Өкінішке орай бұл құжат біздің қолымызда жоқ. Дегенмен оның мазмұны жөнінде Жетісу әскери губернаторының 1869 жылғы 3 мамырдағы №1218 Түркістан генерал-губернаторына жолдаған

рапортында баяндалған. Онда Жетісу жерінде жаңа қалыптаса бастаған қалалардың Ресей және Сібір тұрғынды мекендерінен шалғай орналасқандығын ескере отырып, сондай-ақ жаңа қалаларға тұрғындарды молырақ тарту және оларда қала кәсіпшілігінің қарқынды дамуына пәрменді ықпал жасау мақсатында жергілікті билік орындары Жетісу қалаларына қоныстанушы орыс отбасыларына түрлі құрылыстар (үй-жай, жол, көпір, сауда орындарын) салуға қолдау көрсетіп, олардан он жыл көлемінде салық алмайтын болды. Бұл жеңілдік алдымен Сергиополь және Қапалға берілді. 1866 жылы 2 қыркүйекте патша бекіткен Министрлер Комитетінің Ережесі бойынша бұл жеңілдік тағы да бес жылға ұзартылды¹⁰³. Өз уақытында жасалған бұл жеңілдіктер өзін ақтаған да еді. Аз уақыттың ішінде, яғни ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарының соңына қарай Верный қаласының тұрғындарының саны 10 мыңға, ал Қапал қаласының тұрғындарының саны 5 мыңға жеткен болатын¹⁰⁴. Жаңа қалыптаса бастағандығына қарамастан, бұл елді мекендерде өнеркәсіп және сауда қарқынды түрде өркен жая бастайды.

Жергілікті билік орындары, ең алдымен облыстық басшылық уықыт өте түрлі жеңілдіктердің тек қалалардың орыс тұрғындарға ғана жасалуы облыстағы қалалардың қарқынды өсуіне кедергі жасайтын фактор екендігін түсіне бастайды. Әскери губернатор Ташкент әкімшілігіне жолдаған ресми хатында жеңілдіктерді Жетісудың басқа да қалаларына таратқан жөн екендігін айта келіп, ондай жеңілдіктерді тек қана “Орыстарға” берумен шектелмей орыс бодандығындағы неміс, фин, латыш тектілер, сондай-ақ ислам дінін ұстанбайтын мұндағы барлық басқа халықтардың өкілдеріне де беру қалалардың дамуына аз пайда келтірмес еді деп жазды.

Жергілікті облыс басшылығы Жетісу қалаларында мұсылман дініндегі тұрғындардың көбеюіне үзілді-кесілді қарсы ұстанымда болды. Олар “Ресейге жау пиғылдағы іргелес ислам дініндегі халықтармен бірігіп кетуге бейім сарт, татар және басқалардың облыс қалаларында шектен тыс көбейіп кетуі саяси тұрғыдан қауіпті. Міне осы жағдайға байланысты қалаларға қоныс тебуші мұсылман тұрғындарға жасанды түрде жеңілдіктер жасап, оларды күшейту орынсыз болмақ. Сондықтан да Жетісу облысындағы қалаларға қоныстанушы мұсылмандарды басқа қоныстанушыларға берілетін жеңілдіктерден айыру әбден негізді. Сонымен, патша 1859 жылғы 6 маусымда бекіткен “Ережеде” белгіленген жеңілдіктерді мұсылмандардан басқа Верный, Тоқмақ және Қарақол қалаларына тіркелуші барлық орыс бодандарына берген жөн. Олар қала тұрғындары қатарына тіркелгенде бұрынғы тұрған жеріндегі сословиялық атағы мен оған қоса берілетін жеке артықшылықтарын сақтауға тиіс. Осы негізде көпестер көпестікке, мешандар

мещандар сословиясына және сол сияқты басқалары да жазыла алатын болулары қажет. Сондай-ақ салық төлеуші төменгі сословия және гильдиялардан жоғары көтерілуге тиым болмағаны жөн, тек осы құқын пайдаланған жеке тұлғалар жаңа өткен сословиялық сатысына лайық сауда салығы мен міндеткерліктерін өтесе болғаны...»¹⁰⁵.

Сондай-ақ осы құжатта облыс қалаларына жоғарыда аталған жеңілдіктер бойынша келіп орын тепкен жоғарғы сословия өкілдерінің өздерінің сословиялық дәрежесіне лайық қалалардың экономикалық өмірінде белсенділік танытуға міндеттелгені жөн екендігі айтылды. Мәселен, 1-ші гильдиядағы көпестер тіркелген жерлерінде үй салғаны немесе құны 2 мың рубльден кем емес өнеркәсіп орнын (фабрика, завод ж.б.), 2-ші гильдиядағы көпеске 1.500 рубльден кем емес сомға кәсіпорын салу, т.с.с. міндеткерліктер жүктелуге тиіс деген пікір айтылды. Қойылған талаптарды орындамаған күнде, олар өздеріне тиесілі жеңілдіктерден айырылуға тиіс еді.

Жетісу облысындағы Сергиополь, Тоқмақ және Қарақол (Ақсу) қалаларында алғашқы кезеңде тұрғындары санының аз болуына байланысты дербес қала өмірін басқаратын мекеме ашылған жоқ, бұл міндет уақытша жергілікті уез бастықтарына жүктелді. Ал Қапал, Верный сияқты қалаларды басқару ісі олардың қалалық шаруашылық басқармасы құзырына өтті. Қала өміріне байланысты маңызды шешімдерді Қала Қауымдастығының Жиналысы қабылдады. Олардың мүшелігі тек көпестер мен мещандардан құралды. Ал орындаушы және бұйрық беруші билік қалалық старостаға тиесілі болды. Қалалардағы сан жағынан ең көп сословия мещандар еді.

1892 жылғы Қала Ережесі бекітілгенге шейін қала қоғамы жиналысын (Қалалық дума) сайлау учаскілерінен сайланған гласныйлардан тұрды. Ал 1892 жылғы Қала Ережесі бойынша олар енді өкілдер (уполномоченные) аталды. Облыс билігі осы екі тарихи мерзімде де қалалық дума құрамында мұсылман тұрғындардың өкілдерінің үлес салмағының христиандардан артып кетпеуіне аса үлкен көңіл аударды, ал қала басшысы мен оған кандидат және қалалық қоғамдық жиналыс төрағасы, әрине, міндетті түрде христиан дініндегі тұрғындардан сайлануға тиіс болды¹⁰⁶.

Граф Пален есебінде көрсетілген Жетісу облысындағы уездік қалалардың басшылығын сайлайтын өкілдердің діни сенімі, сословиялық тәндігі және білім дәрежесі тұрғысынан құрамы мынадай көрсеткіштермен сипатталады¹⁰⁷:

№9 кесте. Қала басшылығын сайлайтын өкілдердің әлеуметтік құрамы

Қалалар	Өкілдер саны	Діни наным		Сословиесі					бұратаналар		Білімі				
		Христиандар	Мұсылмандар	Дворяндар	Көпестер	Мешиналар	Шаруалар	Казактар	Мешиналар	Тіркелмегендер	Жоғары	Орта	Бастауыш	Үйдегі білім	Сауатсыздар
Лепсі...	10	8	2	-	-	8	2	-	2	-	-	-	-	10	-
Қапал...	12	8	4	1	-	7	3	1	2	-	-	4	4	7	-
Пішпек...	12	9	3	2	-	8	1	1	2	1	1	-	3	6	2
Прежевальск.	15	10	3	-	-	10	3	2	1	2	-	-	7	7	1
Жаркент...	12	6	5	2	1	1	7	1	-	5	2	2	1	3	5

Таблицадағы цифрлық көрсеткіштерден байқалып тұрғандай шағын көлемдегі өкілдердің басым бөлігі христиан дінін ұстанатындар (жалпы алғандағы 61 өкілдердің 41-і), ал олардың көпшілігі мешандар сословиясынан (34) болды. Жергілікті халықтан сайланған өкілдердің саны бар болғаны 8, ал олардың 5-і негізгі тұрғындары мұсылмандар болған Жаркент қаласындағы қала жиналысының мүшелері.

Пален есебінде көрсетілгендей, Жетісу қалаларындағы өкілдер сайлау барысында күрес негізінен қала тұрғындары құрамындағы үш әлеуметтік топтар мешандар, интеллигенция өкілдері және мұсылман тұрғындар арасында жүрген. 1892 жылғы Қала Ережесінің 44 бабы-бойынша өкілдер сайлауға қала мұсылмандарының бес ақ пайызы қатынаса алған¹⁰⁸. Жаркент және Қарақол қалаларының мұсылман тұрғындары мұндай шектеудің әділетсіз екендігін айтып жергілікті басшылыққа шағымдар түсіріп, бірақ қолдау таба алмаған.

Міне бұл Жетісу облысы қалаларының бастапқы қалыптасу кезеңіне қатысты келтірілген фактілік материалдар қала тұрғындарының ұлттық құрамын реттеп отыруды көздеген нақты шаралардың белгіленгенін, ал ол шаралардың жергілікті мұсылман тұрғындарға қарсы бағытталғанын аңғару, әрине, мүлдем қиынға түспейді. Бұл саясат 1917 жылға шейін басшылық тарапынан берік ұсталды. Бұл саясаттың облыстағы қала тұрғындарының құрамында мұсылман халықтарының үлес салмағаның өсуіне теріс әсер еткен фактор болғандығы күмәнсіз.

Өнеркәсіп. Әскери губернатордың 1868 жылғы есебінде облыстағы кәсіпорындардың жағдайына байланысты мынадай фактілер келтірілген¹⁰⁹.

Шарап қайнататын жекеменшік заводтар - 2

Арақ шығаратын жекеменшік заводтар - 1

Сыра қайнататын жекеменшік заводтар - 1

Тері илейтін кәсіпорындар - 11

Шырағдан жасайтын кәсіпорын - 1

Бұл кәсіпорындардың өнімдері негізінен жергілікті сұранысты қанағаттандырды. Илеуден өткен терілерді тұтынушылардың басым бөлігі қазақтар мен қырғыздар болған, тек шағын бөлігі ғана Қытай және Алтышар базарына шығарылған. Жалпы алғанда Жетісу жерінде өнеркәсіптің дамуы қарқынды жүрген емес. Облыс әскери губернаторлары өздерінің есептерінде облыстағы кәсіпшіліктің баяу дамуын мынадай себептермен түсіндірді: 1) Ірі капиталдың жоқтығы; 2) кәсіпшілікпен айналысуға кәсіби даярлығы және белсенділігі жеткілікті тұлғалардың кемдігі; 3) өлкенің ірі өнеркәсіп және сауда орталықтарынан шалғай орналасуы; 4) завод және фабрика өнімдерін басқа шет аймақтарға шығаруға арзан және қолайлы қатынас жолдарының жоқтығы.

Облыста даярланатын шикізаттың біраз бөлігі (мәселен, мал терісі) Ресей кәсіпорындарында даяр өнімге айналып, бірнеше есе қымбат бағамен облыс жәрмеңкелеріне қайта оралып жатты. Облыста жергілікті сұраныс үшін металдан ең қарапайым еңбек құралдарын жасайтын шағын шеберханалар да болған емес. Осы кездің өзінде-ақ қытайлықтар жергілікті дүнгендер арқылы металл сынықтарын жинатып, оларды тонналап Құлжа, Шұғанақ және Қашқарияға жөнелтіп, жергілікті кәсіпорындарда қорытып, түрлі бұйымдарға айналдырды¹¹⁰.

Жергілікті кәсіпорындардың басым бөлігі шарап және арақ даярлайтын, сыра қайнататын, тері илейтін, май өндіретін кәсіпорындардан тұрды. Ұсақ кәсіпорындар арасында сан жағынан ең көбі диірмендер болды. 1914 жылғы көрсеткіш бойынша Жетісу облысындағы фабрика және зауыттардың даму деңгейі мынадай көрсеткіштермен сипатталады¹¹¹:

№10 кесте. Облыстағы өнеркәсіп орындарының және олардағы жұмысшылардың саны

Қала мен зауыттар	Зауыттар саны	Олардың жұмысшыларының саны
Верный қаласы	59	364

Верный уезі	409	1222
Қапал қаласы	14	23
Қапал уезі	416	594
Лепсі қаласы	25	51
Лепсі уезі	365	494
Пішпек қаласы	24	93
Пішпек уезі	284	381
Пржевальск қаласы	25	76
Пржевальск уезі	269	307
Жаркент қаласы	38	88
Жаркент уезі	382	507
Барлығы	2310	4200

Міне бұл берілген кестеден облыстағы өнеркәсіптің даму деңгейіне байланысты мынадай жағдайды байқауға болады. Біріншіден, зауыт және фабрика аталып отырған өнеркәсіп орындары көлемі жағынан, әрине, тым ұсақ болатын. Кестеден көрініп тұрғандай, оларда жұмыс жасайтын жұмысшылардың саны орта есеппен алғанда екі адамға да жетпейтін еді.

Облыстағы өнеркәсіп орындары арасындағы жылдық түсімі жағынан ең тиімдісі шарап, арақ және сыра даярлайтын кәсіпорындар еді. Бұл жағдай, белгілі дәрежеде, облыстағы қалалар мен переселен селоларындағы қарапайым халықтың арасында маскүнемдіктің өріс жаюына, соның негізінде түрлі жағымсыз қылықтардың, тәртіп бұзушылықтың орын алуына жол ашты. Облыс тұрғындары арасына бұл қоғамдық дерттің терең тамыр жая бастағанын мойындауға мәжбүр болған билік орындары 1914-1915 жылдары қуатты ішімдіктермен сауда жасауға шектеу салған бірнеше шараларды іске асырады. Билік орындарының бұл шараларын жергілікті тұрғындар түсінушілікпен қабылдап, тіптен спирт ішімдіктерін сатуға біржола тиым салуды талап етті. Мұндай шешім облыстағы алты қалалық басқармаларда, Жетісу казак әскері станицалары мен тұрақтарында және 104 қоныстанушы селоларда қабылданған¹¹².

Осы арада облыстағы өндірістің даму ерекшелігіне байланысты мынадай жағдайды да ескерген жөн. XIX ғасырдың соңына қарай облыс өміріндегі маңызды орын қол өнерге тиесілі болды. Оны мына кестеден байқауға болады¹¹³.

№ 11 кесте. Облыстағы қолөнершілердің саны

Қала және уез аттары	Қолөнершілер саны
Верный қаласы	1501

Верный уезінде	1501
Қапалда	84
Қапал уезінде	917
Лепсіде	72
Лепсі уезінде	1741
Пішпекте	114
Пішпек уезінде	983
Пржевальскіде	48
Пржевальск уезінде	1095
Жаркентте	83
Жаркент уезінде	1275
Барлығы	8238

Бұл кестеде көрсетілген 8238 қолөнершілердің 453-і киім тігушілер, 2312-і етікшілер, 667-і ершілер, 103-і ат әбзелдерін жасаушылар, 277-і ағаш ұсташылар, 183-і темір бұйымдарды жөндеушілер (слесарлар), 1457-і балташы, ағаш шеберлері, 445-і кірпіш қалаушылар, 72-і пеш салушы шеберлер, 100-і салықшылар, 56-і әйнек шеберлері, 23-і құрылысшылар, 29-і үй жабушылар, 1425-і темір бұйымдарын жасаушы шеберлер, 144-і тері илеуші шеберлер, 390-ы күміс шеберлері, 88-і жез шеберлері, 8-і сағат жөндеушілер және 6 алтын ұсталары.

Шеберлердің күндік табысы: темірден жасалған бұйымдарды жөндеуші шеберлер-1 сомнан 1 сом 50 тиынға шейін; ағаш ұста, салықшы, жез ұста, тері илеуші және үй жабушылар 80 тиыннан 1 сомға шейін; киім тігуші, тас қалаушы, ат әбзелдерін жасаушы, пеш салушы, темір ұста, етікші, ершілер 60 тиыннан 80 тиынға шейін болды.

Қорыта айтқанда, кестеден көрінгендей қолөнершілердің басым бөлігі негізінен ауылдық жерлерде тұрған, яғни облыс халқының басым бөлігін құрған ауыл тұрғындары өздерінің тұрмысқа қажет күнделікті сұраныстарын өнеркәсіп өнімдері арқылы емес, жергілікті қолөнер өнімдері арқылы қанағаттандырып отырған. Ал облыстағы қалаларда енді ғана тамыр жая бастаған кәсіпорындардың басым бөлігі негізінен спирт, шарап және сыра өнімдерін шығаруға маманданып, ал қалған кәсіпорындардың өнімдері жалпы облыс экономикасының жаңа сипат алуына ықпал жасай алмаған.

Сауда. Облыстағы сауда қатынастарының жағдайын, біз қарап отырған мезгілдегі өзгерісін әскери губернатордың есептерінен байқауға болады. Орыс билігі орнағанға дейінгі кезеңдегі, оның алғашқы жылдары Жетісу жеріндегі сауда базарында ортаазиялық көпестер үстемдік құрған. Ол

жөнінде әскери губернатордың 1868 жылғы есебінен мынадай деректер келтірілген. Осы жылы Ыстық көл уезі арқылы мұнда ортаазиялық қалалардан 121. 214 сом күміс ақшалық тауары бар 180 керуен, Тоқмақ уезі арқылы бірі 800 түйеден, екіншісі 108 аттан тұрған екі керуен келген. Өкінішке орай Тоқмақ арқылы өткен керуендердің әкелген тауарларының ақшаға шаққандағы құны белгісіз. Бұл әкелінген тауарлардың белгілі бір бөлігі Ыстық көл және Тоқмақ уездерінде сатылып, ал қалғаны Верный және Қапал қалаларына жеткізілген¹¹⁴.

Жетісудың сауда қатынасы көрші Шығыс Түркістан, (Қытай) қалаларымен де тұрақты күйде жүрген. Жоғарыда аталған есепте 1868 жылы Верный уезіне әкелінген тауарлар жөнінде мынадай деректер бар:

Пішпек және басқа қалалардан - 155,400 сомдық тауарлар

Құлжа және үрімшіден - 88,488 сомдық тауарлар

Қияқтыдан әкелінген шай - 215,565 сомдық

Қашғардан Нарын арқылы - 63,653 сомдық тауарлар

Барлығы - 523,106 сом күміс ақшаға әкелінген

Қияқтыдан жеткізілген шайдың біраз бөлігі Ташкенге жөнелтілген. Үрімші мен Құлжадан шай, құйма күмістер, теңге түрінде жез, түлкі ішіктер; ортаазиялық қалалардан армятчина, қағаз және жібек маталар, әсіресе бөз материалдар көп әкелінген.

Ыстық көл арқылы Алтышардан Құлжаға, Құлжадан кейін қарай транзиттік керуендер жол тартып тұрған. Осы бағыт арқылы тек 1868 жылдың екінші жартысында ғана 100 мың сом күміс ақша өткізілген тауарға 2 мың сом күміс транзиттік салық алынған. Ал Тоқмақ уезі арқылы Қашғарға Қабулдан (Ауғанстан) 20 пұт мата бояуы өткізілген¹¹⁵.

Жергілікті халықтың сыртқа шығаратын негізгі өкімі, әрине, мал, оның ішінде қой малы болған. Ортаазиялық, Шығыс Түркістандық және орыс көпестері түрлі кездеме материалдарға, шай-қантқа, күміс, алтын құймаларына жергілікті елден жүздеп, мыңдап қойлар алып Ташкент, Үрімші, Ресей қалаларына айдап кетіп отырған. Тек 1868 жылдың өзінде ғана шамамен Жетісу облысынан Тоқмақ уезі арқылы Алтышарға 10 мың бас, Ташкентке 21.5 мың бас, Петропавловскіге 11.5 мың бас, барлығы 43 мың бас айдап кетілген.

Осы жылы Верный уезінен Ташкент пен Алтышарға жөнелту үшін 35 мың қой сатылған. Егер әрбір қой басының ең төменгі құнын 1 сом 50 тиыннан алғанда, сатылған барлық қой малы үшін алынған ақшаның көлемі 114.750 сом күміс ақшаға жеткен¹¹⁶.

Орыс билігі орнап, орыс-қытай шекарасы анықталғаннан кейінгі уақытта бұрынғы Жібек Жолының ізімен Жетісу арқылы жалғасқан сауда айналымы саябырси бастайды. Ендігі уақытта Ресей билік орындары Жетісу жерін түгелдей өз экономикалық ықпалына қаратуға күш салды. Сөйтіп XIX ғасырдың соңына қарай сауда ісінде де үстемдік орыс көпестеріне ауыса бастайды. Дегенмен қазақ ауылдарындағы сауда сол бұрынғыдай сарт және татар көпестерінің қолында болды. Облысқа жеткізілген тауарлардың басым бөлігі орыс заводы мен фабрикасынан шыққан темірден жасалған бұйымдар, матадан және теріден тігілген киім-кешек, маталар, галантерея заттары еді. Оларды көпес, саудагерлер негізінен Ирбит және Крестовскі жәрмеңкесінен алып, тауарлардың шағын бөлігі ғана Нижегородскі жәрмеңкесі мен Мәскеу кәсіпорындарынан келіп жеткен.

Жетісуда Петропавловскі және Верный қалаларындағы татар көпестерінің сенімді адамдары, сондай-ақ көрші ортаазиялық қалалардан тауар жеткізген өзбек саудагерлері ауыл және жәрмеңке саудасында аса ықпалды болды. Олар мануфактуралық тауар, яғни аяқ-киім, ыдыс-аяқ, шай, сондай-ақ күнделікті үй тіршілігінің сұраныстарын қанағаттандыратын кілем түрлі шапандар, жібек және қағаз маталар және басқа бұйымдар жеткізіп, әсіресе қысқа қарай қазақ ауылдарының арасында сауда жасап, өткен тауарларына негізінен мал алып, көктем келе Семей, Ақмола жәрмеңкелеріне, ал ортаазиялық болса Әулие-Ата немесе Атбашы және Арпы өңірі арқылы Ташкент және Ферғана жәрмеңкелеріне тартып отырған.

Жаз келе жергілікті сауда Жаркент уезіндегі Қарқара, Лепсі уезінде Нарын-Сергиополь және Бақты жәрмеңкелеріне өткен. Жергілікті халық саудаға мал (қой, жылқы, сиыр) және мал өнімдерін (май, тері, жүн), сондай-ақ қолөнер бұйымдарын (киіс, есілген арқан ж.б.), шығарып, олардың орнына сырттан келген завод және фабрика өнімдерін алған.

Ел арасында сырттан келгендер басқа жергілікті қала, ауылдарда мұқтаж отбасыларына өсімімен қайтаратын қарызға ақша беретін өзбек, татар, шалақазақ орыс саудагерлері де болған. Олар әсіресе күзге қарай, жеке отбасылар жылдық салықты төлеуге мәжбүр болған шақта белсенділік танытып өсімқорлықпен айналысқан.

Жоғарыда аталған жәрменкелерден басқа облыс қалалары мен уездерінде тұрақты сауда орындары да болған. Мәселен, Верный уезінде Верный қаласы мен Зайцевское селосы, Қапал уезінде Гавриловскі селосы, Жаркент уезінде Жаркент қаласы мен Қарқара жәрменкесі ж.с.с. 1893 жылы Верный уезі бойынша 250.217 сомға орыс саудагерлерінің бұйымдары, ал 117.615 сомға ортаазиялық саудагерлердің бұйымдары өткен¹¹⁷.

XIX ғасырдың соңына қарай Жетісу облысы арқылы Қытай мемлекетімен сауда қатынасы қарқынды өсу жолында тұрған. Бұл елмен сауда Жаркент, Бақты, Ыстық көл (Пржевальскі), Нарын кеден және Харгос кеден пункттері арқылы жүрген. Қытай тарапынан астық, күріш, көк өніс (жаңа және кептірілген түрінде), жеміс-жидек, құс және құс өнімдері, балық, қант, арақ, шарап, сыра, дәрілік шөптер, иленген тері, шойын, темір, болат, сондай-ақ солардан жасалған бұйымдар ж.б. Қытайдан кептірілген жеміс-жидектер, грек жаңғағы, шай, мал, қытай ыдыстары, жүн ж.б. Тек 1893 жылы Қытайға 1.953.783 сом 80 тиынның тауары өткізілсе, ал кейін қарай 1.867.748 сом тауары әкелінген¹¹⁸.

Біз қарап отырған мезгілдің соңына қарап, яғни 1914 жылдың 1 қаңтарында облыстағы сауда орындарының саны 13 541 жеткен. Олардың саны тек 1913 жылдың өзінде 1472-ге өскен¹¹⁹. Бұл фактілер, әрине, ішкі сауданың жоғарғы даму қарқынын аңғартса керек.

1913 жылы облыстағы сауда мекемелерінің ақшаға шаққандағы сауда айналымының көлемі 18 миллионнан асып түскен. Бұл көрсеткіш 1912 жылмен салыстырғанда 4 миллионға артық еді. Жетісу арқылы өткен транзиттік тауарлардың көлемі де осы жылы 18 млн. жеткен¹²⁰. Жетісу өңірінде Еуропалық Ресейдің сауда фирмалары өз бөлімшелерін ашқан. Шығыстағы сауда Қытай империясының Шығыс Түркістан бөлігіндегі Тарбағатай, Құлжа және Қашғар аймақтарымен жүрді. Жетісудағы сауда мекемелері тауарларының ішінде көлемі жағынан бірінші орында мануфактура және галантереялық тауарлар, олардан кейінгі орынға соңғы жылдары ауылшаруашылық өндірісі құралдары мен машиналары шыға бастайды.

Жергілікті халықтың сауда базарына шығаратын негізгі тауарлары сол бұрынғыдай мал болып қала берді. Оны мына кестеден байқауға болады¹²¹.

№ 12 кесте. 1915 ж. облыстан тыс жөнелтілген малдың құрамы мен саны

Оның жылқы	құрамындағы	Оның құрамындағы ірі қара	Оның құрамындағы қой мен ешкі
------------	-------------	---------------------------	-------------------------------

48 850 бас	60 876 бас	128810 бас
------------	------------	------------

Сонымен бірге облысқа Қытайға қарасты Шығыс Түркістан аймағынан жыл сайын мал айдалып келіп отырылған¹²².

№ 13 кесте. 1915 ж. Қытай аймағынан айдалынып келген малдың құрамы мен саны

Оның құрамындағы жылқы малы	Оның құрамындағы ірі қара	Оның құрамындағы қой мен ешкі
2674	9661	203976

Сырттан келген малдың белгілі бір бөлігі осында қалып, қалғаны сырт аймақтарға жөнелтілген. Жетісу жерінен 1915 жылы үш бағытқа, яғни Семей, Ферғана және Сырдария облыстарына айдалған малдың саны¹²³:

№ 14 кесте. 1915 ж. облыстан сыртқа жөнелтілген мал басы

	Жылқы	Ірі қара	Қой мен ешкі
Ферғана облысына	25582	7396	1104061
Сырдария облысы	22188	23024	180151
Семей облысы	80	30456	3598

Кестеден көрініп тұрғандай Жетісу малын негізінен Ферғана және Сырдария облыстарынан келген көпестер сатып алатын болған. Бұл осы аймақтармен ерте кезеңдерден келе жатқан сауда қатынасының көрінісі еді. Ал енді осы сатылған малдың облыстағы орта бағасы мен құны мынадай көрсеткіштермен сипатталады¹²⁴:

Жылқы... 2881920 сом

Ірі қара... 2234147 сом

Қой мен ешкі... 7410658

барлығы... 12526725 сом

Бұл берілген сандық фактілерден жергілікті қазақ малының қалыптасып келе жатқан базарлық қатынасқа тауар ретінде пәрменді түрде тартыла

бастағанын аңғару қиын емес. Тек 1915 жылдың өзінде ғана сауда айналымына түскен тірі мал басының саны 1914 жылмен салыстырғанда 4 есеге өскен¹²⁵.

Сонымен облыстағы сауда айналымының жаңа сапаға көтеріліп, жандана түскенін байқаймыз. Сауда қатынасында үстемдік орыс көпестеріне ауысып, сонымен бірге Жетісу арқылы Қытай-Орыс сауда байланыстарының қарқынды даму алғандығы аңғарылады. Өз ретінде бұл жағдай жергілікті халық шаруашылығының базарлық қатынастарға тартыла түсуіне жағымды ықпал жасағандығы даусыз. Дегенмен бұл фактордың жергілікті дәстүрлі қазақ шаруашылығының уақыт талабына сай бейімделіп, оның материалдық-техникалық базасының нығая түсуіне әсері үлкен болды деп айтуға әлі де ертерек еді.

Жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығы. Жетісу облысының экономикалық кескінін ауыл шаруашылығы анықтады. Жергілікті қазақ және қырғыз халықтарының басым бөлігі үшін дәстүрі мен шаруашылығы негізгі тіршілік және табыс көзі болып қала берді.

Облыстағы мал басы санының динамикасы мынадай көрсеткіштермен сипатталады¹²⁶.

№15 кесте. Облыстағы мал басының динамикасы

1878 ж.	1898 ж.	1916 ж.	1917 ж.
8.101.075	5.602.967	9.414.116	7.568.511

Кестеден көрініп тұрғандай, мал басы саны біз қарап отырған мезгілде бірқалыпты даму жолында болған жоқ. Мәселен, 1898 жылы 1878 жылмен салыстырғанда мал басы 2.498.108 басқа, ал 1917 жылы 1916 жылмен салыстырғанда 1.845.605 басқа кеміп кеткен. Мал басының кеміп кетуінің басты екі себебін бөліп айтуға болады. Олар біріншіден бұл дәстүрлі шаруашылық түрінің табиғат қолайсыздықтарына тым тәуелділігі, оған қажет материалдық-техникалық база жасауға қоғамның әлсіздігі және мемлекеттік мүдделіктің жоқтығы, сондай-ақ екіншіден, мемлекеттің шұрайлы қазақ және қырғыз жерлеріне ішкі Ресейден орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру саясатын жүргізуі, осы саясаттың нәтижесінде үлкен шаруашылық дағдарысына соқтырған 1916 жылғы көтерілісті орын алуы еді.

Жетісу мал өсіруге аса қолайлы өңір еді. Облыстағы 1916 жылғы мал басы (9.414.116 бас) бүкіл Түркістан өлкесіндегі мал басының 50% құрады¹²⁷.

Жетісу мен Түркістанның басқа облыстарымен қатар еуропалық Ресей мен Сібірдің мал өнімдеріне қажеттілігін өтеу ісінде үлкен орын алды. Мәселен, 1916 жылға тән статистикалық көрсеткіштерге қарағанда осы жылдың басынан тамыз айына шейінгі аралықта Жетісудан Сырдария, Ферғана, Ақмола және Семей облыстарына 547.720 бас мал жөнелтілген, олардың 19.367 басы жылқы, 33.124 басы ірі қара және 495. 229 басы қой және ешкі еді. Бұдан басқа соғыс ведомствалары атты әскер қажетіне мыңдап жарамды аттар даярлады. Ал Ақмола және Семей облыстарына жөнелтілген мал Мәскеу, Петроград және Сібір қалаларына жіберілді.

Осы 1916 жылы Жетісудан тыс жерлерге мал өнімдерінен 58.561 ірі қараның иленбеген терісі, 657.401-қой терісі, 131.128 пұт қой және түйе жүні, 299 пұт ішек-қарын, 1109 пұт май, 2277 пұт жылқы қылы және 800 пұт қой еті жөнелтілген¹²⁸. Бұл бар болғаны бір жыл көлемінде ғана облыстан тыс орталықтарға жөнелтілген мал басы мен оның өнімдері. Уақыт өткен сайын қазақ қоғамының мал ресурстары орталық билік жүргізген түрлі шараларға, әсіресе соғыс шығынына кең тартыла бастады. Метрополия Қазақстанды арзан көлік және мал өнімдерінің көзіне айналдырды.

Сонымен бірге, әрине орыс билігі тарапынан шаруашылық саласында іске асырылған шаралардың және қоныс аудара келген ресейлік шаруалардың жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығына сәл ғана болса да жағымды әсерін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай жағымды ықпалды, мәселен, қазақ қожалықтарының жыл өткен сайын қысқа пішен даярлау ісінің арта түскендігінен аңғарамыз. Оны облыс губернаторының жыл сайын беріп отырған есебіндегі мәліметтер негізінде жасалған мына кестеден байқауға болады¹²⁹.

№ 16 кесте. Қазақ қожалықтарында даярланған пішен көлемі

1900	1901	1902	1903
9.643.991 пұт	17.306.113 пұт	19.658.324 пұт	33.355.407 пұт

Бар болғаны 3-4 жылдың көлемінде ғана жергілікті халықтың қысқа даярлаған пішені 4 есеге жуық өскен. Мал өсірген көрші отырықшы орыс селоларының қысқа пішен даярлау ісінің артықшылығына көзі жеткен қазақ қожалықтары бұл тәжірибені өздері де кең түрде қабылдай бастаған еді.

1901 жылдың соңына қарай Түркістан генерал-губернаторлығының рұқсатымен Верный қаласында бастапқы айналымдық капиталы 3 000 сомдық мемлекеттік ауыл-шаруашылық техникалық құралдар мен тұқым

қоймасы ашылады. Мақсат Еуропалық Ресейден облыс тұрғындарына қажет жер жыртуға және өңдеуге, шөп шабуға және басқа істерге қажет техникалық құралдар жеткізіп тұру еді. Соның нәтижесінде, мәселен, облыстағы жердің қыртысын қопсытатын құралдардың саны тек бір жылдың ішінде ғана 1219-дан (1901ж.) 5119-ға жеткен (1903 ж.)¹³⁰.

Ауыл-шаруашылығы құралдары қоймасының қызметін жергілікті қазақ қожалықтары да пайдалана бастайды. Осы жағдайға қатысты облыс губернаторының 1903 жылғы есебінен мынадай фактіні кездестіреміз: “Усовершенствование орудия распространяются главенным образом среди русского населения, по примеру его начинают следовать и кочевники. Как на особенно отрадное явление можно указать на приобретение в Арасанской волости Копальского уезда конной сенокосилки одним из зажиточных киргиз, который, потерявши много скота от безкормицы и видя продуктивность работы сенокосилки у соседа-почтосодержателя, еще в 1902 году купил и для себя сенокосилку. В отчетном году примеру его последовало трое других киргиз его волости.

При большой склонности киргиз к подражанию, почти с уверенностью можно сказать, что косилки войдут у них в употребление, а с распространением их начнут увеличиваться и запасы корма на зиму, чем только и возможно предупредить столь значительные уроны в скотоводстве, какие наблюдались в отчетном году. При этом, так как усовершенствованные орудия для обработки почвы и уборки урожаев проникают лишь в кочевые волости, ближайšie к русским селениям то колонизация степи должна считаться очень важным средством к распространению среди кочевого населения рационального земледелия”¹³¹.

Ал жалпы алғанда облыстағы жеке қожалықтардың техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету деңгейі жоғары болған емес. Мәселен 1903 жылдың 1 қаңтарына тән көрсеткіш бойынша облыстағы жеке шаруашылықтарда 1219 завод соқасы, 9 шөп шапқыш (сенокосилка) және 13 егін оратын машина болған¹³².

Басқаша айтқанда ат шеккен шөпшапқышты пайдаланған облыстағы жеке қожалықтар бұл кезде онға да жетпеген еді. Яғни, қазақ мал шаруашылығы сол бұрынғыдай қысы-жазы бірдей даярланған пішенге емес, жер отына байлаулы болды. Соның салдарынан тек 1902-1903 жылдың ауыр қысында ғана жеке қазақ қожалықтарының 1. 206. 765. бас малы қырғынға ұшыраған¹³³.

Орыс билігімен бірге Жетісуға жеткен жаңа игі істердің бірі жергілікті халықтың мал шаруашылығына ветеринарлық қызметтің жетуі болды. 1868 жылдан бастап-ақ билік орындары көлемді мал басы шығынына алып келіп отырған эпизотиялық (жұқпалы) чума, сібір язвасы, өкпе қабынуы және аусыл сияқты аурулармен түрлі күрес шараларын іске асыра бастайды. Осы мақсатта уез бастығы жанынан ветеринарлық дәрігер штаты ашылып, қала және селоларда ветеринарлық дәрігерлік пункттер ұйымдастырылады. Мәселен, 1899 жылы ветеринарлық-полицейлік шараларды іске асыру мақсатында әкімшіліктің қарауында 23 ветеринарлық дәрігер, 9 фельдшер және 39 бақылаушы (жұқпалы мал ауруына байланысты) болған¹³⁴. Уез бастықтарына өздерінің қарауындағы елді мекендерде мал арасында жұқпалы аурудың белгісі біліне қалған күнде тез арада төтенше шаралар қарастыру міндеті жүктелді. Белгіленген шаралардың құрамында дәрігерлік-полицейлік, яғни ауру малды сауларынан тез арада ажыратып ұстау, ауру ошақтарына қосымша дәрігерлік күштер жұмсау, ауру шыққан жерлерден басқа уездерге мал айдауға тиым салу, арнайы бақылаушылар жіберіп аурудан өлген малдардың сүйегін жер бетінде қалдырмай өртеп көшу және басқа осы сияқты карантиндік шаралар бар еді¹³⁵.

Өкінішке орай, мал басын аман сақтауға бағытталған мұндай шараларға бөлінген қаржы мардымсыз болғандықтан да ветеринарлық көмек облыстағы қазақ қожалықтарын кең қамти алмаған. Соның салдарынан, мәселен, 1901 жылы 349 бас ірі қара мал өліп, 4179 бас ірі қара жұқпалы ауруға шалдыққан деген себеппен өлтірілген. Мұндай сан 1902 жылы 415 және 1487 бас болған¹³⁶. Дегенмен, кейбір жылдарда қарастырылған ветеринарлық шаралардың жағымды нәтижелері де байқалады. Мәселен, 1903 жылы жұқпалы аурудан 151 бас ірі қара өліп, 232 бас ірі қара сондай ауруға шалдыққан деген себеппен өлтірілген¹³⁷.

Жалпы алғанда, өлкедегі мал шаруашылығының материалдық-техникалық және ветеринарлық базасының әлсіз болуы мал басы санының тұрақты өсуін қамтамасыз ете алмаған. Оны облыс шаруашылығының бейбіт бірқалыпты өсу жолында тұрған 1902-1904 жылдарға тән мына сандық көрсеткіштерден байқауға болады¹³⁸:

№ 17 кесте. 1902-1904 жж. мал басы саны

1902 ж. 1 қаңтарында	1903 ж. 1 қаңтарында	1904 ж. 1 қаңтарда
6.227.803	6.591.942	5.669.246

Біз қарап отырған мезгілдің соңына қарай дәстүрлі мал шаруашылығы жалпы алғанда сол бұрынғы негізде және әдістер арқылы жүргізілді. Ресейлік билік орындары Жетісудағы мал өнімдерінің өсуіне мүдделілік танытқанымен, бұл шаруашылықты жаңа сапаға көтеруге соншалықты ықыласты да емес-тін, сондай-ақ оған қажет мүмкіндігі де шектеулі еді.

Денсаулық сақтау ісі. 1867 жылғы Жетісу және Сырдария облыстарын басқару Ережесінің Жобасында облыстық басқарма және уез бастығы жанынан дәрігерлік іс бойынша штат қарастырылған болатын¹³⁹. Облыс губернаторы өзінің 1868 жыл есебінде осы жылдың екінші жартысында-ақ Верный, Қапал және Сергиополь уездерінде уездік дәрігерлердің жұмысқа кірісіп кеткенін хабарлап, жарты жылға жуық мерзім ішінде олардың қызметін 634 адамның пайдаланғанын айтады¹⁴⁰. Алғашқы кезеңде уез дәрігерлеріне негізінен соттық-дәрігерлік қызмет жүргізу және шешек ауруына қарсы егу істері жүргізіледі. Тек осы жылы ғана шешекке қарсы егу шарасы 2745 балаларды қамтиды¹⁴¹. Жыл өткен сайын уез және қала дәрігерлерінің міндеті кеңі түскенін байқаймыз. Өз қызметіне кіріскен жылы уез дәрігерлері шешекке қарсы егу ісіне тарту мақсатында жергілікті халықтың арасынан 20 шәкірт даярлап, оларды тиесілі құрал жабдықтармен және дәрігерлік материалдармен қамтамасыз етеді.

Облыстағы денсаулық сақтау ісін 1893 жылғы 1 қазанға шейін, яғни 1891 жылғы 25 наурыздағы Дала Ережесі облыс өміріне енгізілгенге шейін Облыстық басқарма штатындағы облыстық дәрігер жүргізді. Өз ретінде ол Соғыс Министрлігіне қарады. Ал 1891 жылдың 1-ші қазанынан Облыстық басқарма жанынан облыстық дәрігерлік инспектор штаты ашылып, қала және уездердегі дәрігерлердің қызметін облыстық инспектор басқаратын болды¹⁴².

1897 жылы патша бекіткен заң бойынша облыстағы дәрігерлік қызмет жаңа штаттық орындармен толықтырылып, облыстағы дәрігерлік жүйе 17 учаскеге бөлініп, кейін ол 19-ға жеткізілді¹⁴³. Олардың әрқайсысында Земскі қаржысына сүйенген 6 орындық ауруханалар жұмыс жасауға тиіс-тін. Бірақ дәрігер мамандарының жетіспеуіне байланысты ауруханалардың біраз бөлігі жұмыс істей алған жоқ¹⁴⁴.

Облыстағы дәрігерлік мекемелерді мамандармен қамтамасыз ету ісі өте ауыр жүрді. 1892 және 1893 жылдары болып өткен Жетісу облыстық қоғам денсаулығын сақтау комитетінің төтенше кеңестері өлкедегі дәрігерлік қызмет жағдайының ауыр халіне байланысты Түркістан генерал-губернаторына хат жолдап Ішкі Істер Министрлігінен Жетісуға “Харьков,

Қазан және Томск университеттерін аяқтаушылардан 30 дәрігерді жіберуін өтіруді” сұрайды¹⁴⁵.

Дегенмен бұл жағдай кейінгі жылдары да аса үлкен өзгеріске ұшырай қоймағандығы байқалады. 1905 жылы Жаркенттен жазған автор “Бізде, жалпы Жетісудағыдай, дәрігерлік көмек өте ауыр жағдайда. Үлкен кеңістік, жол қатынасының нашарлығы, надандық пен мінездегі тағылық, кедей және сүрең орта бұл өңірде дәрігерлердің тұрақтай алмауына негіз болып тұр. Дәрігерлік учаскелер дәрігерлерсіз бос тұр, жалғыз дәрігер екі, тіптен үш учаскелерді қатар меңгеруге мәжбүр. Сондықтан да мұнда тәуіп пен емшілердің жолы болып тұрғаны сырт көзге бірден байқалады.

Қалалық аурухана тек Верный қаласында. 20 мың тұрғындары бар Жаркент амбулаториялық көмекке қанағаттануға мәжбүр. Қаладағы дәрігерлік қызметке бар болғаны 200 сом қаржы бөлінген, оның өзі қалалық дәрігерлік алғашқы көмек бөлмесін ұстауға жұмсалып отыр,”- деп көрсетеді¹⁴⁶.

1913 жылға шейін переселен мекемелерінің дәрігерлік қызметі (шамамен 1906 жылы құрылған) облысқа ертерек келіп қоныстанған еуропалық тұрғындарға қызмет жасап, ал облыс дәрігеріне қарайтын дәрігерлік қызмет жүйесі дербес жұмыс істейді. Осы жылы бұл екі қызмет бірігіп облыстық басқарма жанындағы облыс дәрігеріне бағынды. Сөйтіп облыста қызмет жасайтын дәрігерлік персоналдың саны 124 жетіп, оның сапалық құрамы мынадай көрсеткіштермен сипатталды¹⁴⁷.

№ 18 кесте. Облыстағы дәрігерлік персоналдың құрамы

	дәрігерлер	фельдшерлер	акушерлер	Тіс дәрігерлері
Верный қаласы	10	10	4	3
Верный уезі	3	9	2	-
Қапал қаласы	1	3	1	-
Қапал уезі	2	5	1	-
Лепсі қаласы	1	5	1	-
Лепсі уезі	2	11	-	-
Жаркент қаласы	1	2	1	-
Жаркент уезі	2	3	-	-
Пішпек қаласы	3	5	2	-
Пішпек уезі	3	11	2	-
Пржевальскі	1	1	1	2

қаласы				
Пржевальскі уезі	4	6	3	-
Барлығы	33	68	18	5

Кестеден көрініп тұрғандай дәрігерлік қызметтегі мамандардың басым бөлігі Верный және Пішпек қалалары мен уездерінде жұмыс жасаған. Бұл жағдай аталған қалалар мен уездердің қатынас жолы үстіне және жайлы табиғи ортаға орналасқандығына байланысты болса керек.

1913 жылы облыстағы дәрігерлік қызметке жұмсалған қаржы мынадай көрсеткіштермен сипатталады¹⁴⁸.

а) қазына есебінен... 152248 сом 90 тиын

ә) земскі қаржысынан... 144044 сом 04 тиын

б) қалалар қаржысынан... 31002 сом 39 тиын

в) әскер ж.б. қаржыдан... 7577 сом 81 тиын

барлығы... 334873 сом 14 тиын

Яғни, 1914 жылдың 1 қаңтарына қарай 1.331.115 адам болған облыс тұрғындарының денсаулығын сақтауға жұмсалған қаржы жан басына шаққанда 0.25 тиыннан, ал облыс тұрғындарының шамамен 40.336 адамына бір дәрігерден келетін еді. Сондай-ақ, облыстағы дәрігерлік қызмет орындары негізінен қалалар мен уез орталықтарында, переселен селоларында орналасқандықтан да ол қазақ ауылдарына жете алған жоқ. Дәрігерлік көмек қазақ ауылдарына жұқпалы эпидемиялық аурулар кең тарай бастағанда немесе шарықтау шегіне жеткен шақта ғана келді.

Қорыта айтқанда, өркениеттіліктің негізгі белгілерінің бірі болып табылатын дәрігерлік қызмет Жетісу облысында біз қарап отырған мезгілде бар болғаны бастапқы қалыптасу кезеңінде тұрды және негізінен қоныс аудара келген, сондай-ақ патшалық биліктің әлеуметтік тірегі болған еуропалықтарды қамтыды.

Несие беретін банк және қазақ-қырғыз қарыз кассасының қызметі. Нарықтық қатынастардың пәрменді дамуы облыста түрлі несие беретін банктердің және ұсақ несиелік мекемелердің қалыптасып, көбеюіне алып келді. Верный қаласында ашылған Мемлекеттік банктің, Орыс-Азия банкінің, Сібір Сауда банкінің бөлімшелері мен Қалалық Қоғамдық банкі негізінен

жергілікті сауда және өнеркәсіп орындарының несиелік мұқтажын қанағаттандырды.

1914 жылдың 1 қаңтарына қарай облыста негізінен село тұрғындарының несие мұқтажын қанағаттандыратын 26 ұсақ кредит мекемелері жұмыс істеген. Олардың 19-ы тек орыс тұрғындарға ғана қызмет жасаған, ал қалған 7-нің қызметіне атсалысқандардың құрамында, дүнген, қазақ және басқа ұлт өкілдері де болған еді¹⁴⁹.

1903 жылы ашылып Жетісу Облыстық Басқармасының қарауында болған Қырғыз несие кассасы жергілікті халықтардың ұсақ несиеге мұқтажын өтеу үшін құрылған болатын. Бірақ қаржы мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты оның қызметі қазақ пен қырғыз қожалықтарының шағын ғана бөлігін қамтыды. Оны 1913 жылдың қаңтары қарсаңындағы бұл кассаның айналымдағы ақша көлемінен байқауға болады¹⁵⁰.

Кассадағы бар сома...4092 сом 65 тиын

Қарызға берілген... 70942 сом 75 тиын

барлығы... 75035 сом 40 тиын

Әрине Ресейлік тұсында Жетісу жеріне келіп жеткен жаңалықтар жоғарыда баяндалған фактілермен шектелмейді. Облыс және уез орталықтарының өзара дөңгелекті транспортқа бейімделген жолдармен жалғасуы, облыста почта-телеграф жүйесінің пайда болуы, ішкі Ресейден келіп қоныстанушылардың егін шаруашылығына қажет гидротехникалық құрылыстардың түсуі соның айғағы болса керек. Бұдан тыс білім беру ісіндегі жаңалықтар диссертациялық зерттеулердің 3 тарауындағы бөлімде арнайы қарастырылады.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың 60-шы жылдары мен 1917 жылғы саяси биліктегі өзгерістерге шейінгі аралықта Жетісу өмірінде Қазақстанның басқа өңірлерінде орын алған жаңалықтар көрініс тапты. Ортағасырлық бұйығы қоғамдық қатынастар торына шырмалған Жетісу елі ендігі уақытта Еуропалық Ресейдің қоғамдық-саяси жүйесіне тартылып қана қойған жоқ, сонымен бірге экономикалық және мәдени өміріне де біртіндеп ене бастайды. Бұл процесс өңірдің жергілікті халқы үшін жеңіл болған жоқ. Өңір енді ғана қарқынды капиталистік даму жолына түскен метрополияның арзан шикізат көзіне айнала бастады, ал оның халқы ұлы державалық кемсіту мен қорлауды басынан кешіруге мәжбүр болды.

Сондай-ақ Жетісу жерінде тамыр жайғанына жарты ғасырға жуық мерзім болған империялық билік көп ұзамай-ақ өзінің осал жақтарын білдіре бастайды. Бірінші дүние жүзілік соғыстың иіріміне тартылған Ресейдің Қазақстан сияқты шет аймақтарында саяси биліктің бұрыннан пісіп жетіліп келе жатқан қайшылықтары енді терең дағдарысқа ұласқан еді.

Ескертулер

¹ Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Краевое управление. С-Петербург, 1910. С. 7-8.

² Сонда. 8-б.

³ Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960. С. 281-282.

⁴ Отчет по ревизии Туркестанского края... Т. 4. С-Петербург, 1910. С. 97-98.

⁵ Сонда. 89-б.

⁶ Сонда.

⁷ Сонда. 90-б.

⁸ Сонда.

⁹ Сонда. 91-б.

¹⁰ Сонда. 92, 93-б.

¹¹ ОР ОММ. 1-қ., 12-т., 80-іс., 11, 11 об. пп.

¹² Семиреченские областные ведомости. 1889, 16 декабря, № 50; Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1976. 502-б.

¹³ ОР ОММ. и-1-қ., 14-т., 24-іс., 92-92 об. пп.

¹⁴ Сонда. 20-т., 1753-іс., 18-18 об. пп.

¹⁵ Сонда.

¹⁶ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 29016-іс., 6 об. пп.

¹⁷ Отчет по ревизий Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Областное управление. С.-Петербург, 1910. С. 109; ОР ОММ. и-1-қ., 25-т., 95-іс., 82 об. п.

- ¹⁸ Отчет по ревизии Туркестанского края. Областное управление. Т. 4, С. 110.
- ¹⁹ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 5268-іс, 2,10,13-15-пп.
- ²⁰ Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы,1993. С. 29-48.
- ²¹ Отчет по ревизии Туркестанского края. С. 102.
- ²² Сонда.
- ²³ Всеподданнейшая Записка, содержащая главнейшие выводы отчета о произведенной в 1908-1909 г.г. по высочайшему повелению, сенатором гофмейстером графом К.К.Паленом ревизии Туркестанского края. Часть II, Административный строй. С-Петербург. 1910. С. 4-5.
- ²⁴ Сонда. 27-б.
- ²⁵ Сонда. 30-б.
- ²⁶ Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы, 1993. С. 30
- ²⁷ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 47-іс, 1, 4-4 об. п.п.
- ²⁸ Сонда. 2-2 об. пп.
- ²⁹ Сонда. 3-3 об. пп.
- ³⁰ Сонда. 4-4 об. пп.
- ³¹ Сонда.
- ³² Сонда. 7-13-пп.
- ³³ Сонда. 1-т., 124-іс, 1-26 об. п.п.
- ³⁴ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 512-іс, 16-18 об. п.п.
- ³⁵ //Туркестанские ведомости. 1879, 14 август, № 32.
- ³⁶ ӨР ОММ. и-1. 20-қ., 2192-іс, 3 об. 4-п.
- ³⁷ Сонда. 4-п.
- ³⁸ Сонда. 5-5 об. п.
- ³⁹ Сонда. 5 об. п.
- ⁴⁰ ӨР ОММ. и-1-қ., 27-т., 38 а іс, 30-30 об. пп.
- ⁴¹ ӨР ОММ. 1-қ., 27-т., 419-іс, 3-3 об. пп. 60

- ⁴² ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 28959-іс, 70-85-пп.
- ⁴³ Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. Алма-Ата, 1960. С. 283; ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 28959-іс, 71-п.
- ⁴⁴ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 28959-іс, 70-72-пп.
- ⁴⁵ Сонда.
- ⁴⁶ Сонда.
- ⁴⁷ Сонда.
- ⁴⁸ ӨР ОММ. 1-қ., 20-т., 3801-іс, 5-п.
- ⁴⁹ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 28959-іс, 70-72-пп.
- ⁵⁰ Сонда.
- ⁵¹ Сонда.
- ⁵² Сонда.
- ⁵³ Материалы по истории политического строя Казахстана. С. 289 (параграф 81).
- ⁵⁴ Сонда. 291-б.
- ⁵⁵ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 28959-іс, 82-85-пп.
- ⁵⁶ Сонда. 12-іс, 2-п., 2 об. п., 5 об. п; ӨР ОММ. 4-қ., 20-т., 1753- іс, 17-п.
- ⁵⁷ ӨР ОММ. 1-қ., 20-т., 1753-іс, 17-18-п.п.
- ⁵⁸ Сонда. 17 об. п.
- ⁵⁹ Сонда. 3801-іс, 12-45 об. пп.
- ⁶⁰ Материалы по истории политического строя Казахстана... С. 298, 359-360.
- ⁶¹ Материалы по истории политического строя Казахстана... . С. 339.
- ⁶² Сонда. 290-б.
- ⁶³ ӨР ОММ. 1-қ., 20-т., 3801-іс, 5 об. п.
- ⁶⁴ Сонда. 5-п.
- ⁶⁵ Сонда.

- ⁶⁶ Сонда. 17-18 об. п.
- ⁶⁷ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 196-іс, 3-4 об. пп.
- ⁶⁸ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 505-іс, 3-15-п.
- ⁶⁹ //Туркестанские ведомости, № 27, 1904, 3 март.
- ⁷⁰ ОР ОММ. 1-қ., 27-т., 1222 а іс, 10-п.
- ⁷¹ Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом. Уездное управление. С.-П., 1910. С. 4.
- ⁷² Материалы по истории политического строя Казахстана. Параграф 42-70. С. 286-288; параграф 59-65. С. 357-358.
- ⁷³ Сонда. Параграф 65, 78, 79. С. 288, 289.
- ⁷⁴ Сонда. Параграф 70. С. 358.
- ⁷⁵ ОР ОММ. 1-қ., 27-т., 419-іс, 23-27-пп.; Отчет по ревизии Туркестанского края, ...Уездное управление. СПб., 1910. С. 4-5.
- ⁷⁶ Қараңыз: Отчет по ревизии Туркестанского края,...Уездное управление. С. 5.
- ⁷⁷ ОР ОММ. 1-қ., 27-т., 419-іс, 23-24 об. пп.
- ⁷⁸ Қараңыз: Отчет по ревизии Туркестанского края. ...Уездное управление. С. 13.
- ⁷⁹ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 29016-іс, 6, 9, 14-пп.
- ⁸⁰ ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 47-іс, 7-8 об. пп.
- ⁸¹ Сонда. 22 п.
- ⁸² Қараңыз: Отчет по ревизии Туркестанского края,...Уездное управление. С. 52.
- ⁸³ Тынышпаев М. История казахского народа. С. 37.
- ⁸⁴ Отчет по ревизии Туркестанского края,...Уездное управление. С. 52. 61
- ⁸⁵ Сонда. 46-б.
- ⁸⁶ Сонда. 43-б.

- ⁸⁷ Обзор Семиреческой области за 1913 г. Верный, 1915. С. 36-37.
- ⁸⁸ ОР ОММ. 1-к., 27-т., 1216-іс., 5 об. п.
- ⁸⁹ Обзор Семиреческой области за 1897 г. Верный, 1898. С. 5; Обзор Семиреческой области за 1913 г. С. 23-36.
- ⁹⁰ Обзор Семиреческой области за 1897 г. С. 6; Обзор Семиреческой области за 1913 г. С. 23-36; ҚР ОММ. 44-к., 4826-іс, 56 об. п., 85 об. п.
- ⁹¹ Обзор Семиреческой области за 1913 г. С. 34.
- ⁹² ОР ОММ. 1-к., 20-т., 1753-іс, 2 об., 3 п.; Первая перепись населения Российской империи. 1897, LXXXV. Семиреченская область. 1905. С. VI; Обзор Семиреченской области за 1913. Верный, 1915. С. 37; ҚР ПА. 3-к., 1-т., 482-іс, 10-12-пп.; Сонда. 666- к., 1-т., 76-іс, 1-7-пп.
- ⁹³ Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии. С. 166.
- ⁹⁴ Сонда. С. 162.
- ⁹⁵ ОР ОММ. 1-к., 20-т., 1753-іс, 3-п.
- ⁹⁶ Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). Алматы, 2000. 85-б.
- ⁹⁷ ОР ОММ. 1-к., 16-т., 22-іс, ұ а п.
- ⁹⁸ Отчет по ревизии Туркестанского края, произведенный... К.К. Паленом., Областное управление. С. 101.
- ⁹⁹ //Қазақ газеті, 1917, 6 желтоқсан, № 254; Қойгелдиев М. Панасыздарға араша түскендер //Қазақ әдебиеті, № 21 (2251), 1992, 22 мамыр.
- ¹⁰⁰ Первая всеобщая перепись населения Российской империи. 1897, LXXXV. Семиреченская область, 1905. С. IV,V; Обзор Семиреченской области за 1913 г. С. 37.
- ¹⁰¹ Статистика Российской империи. XXVII. Волости и населенные места 1893 г. Вып.7. Семиреченская область. С.- П., 1895. С. 16.
- ¹⁰² Материалы по истории политического строя Казахстана. т. 1. Алма-Ата, 1960. С. 283.
- ¹⁰³ ОР ОММ. и-1-к., 27-т., 458-іс, 46-46 об. пп.

- ¹⁰⁴ Сонда. 46-п.
- ¹⁰⁵ Сонда. 46 об., 7 об п.
- ¹⁰⁶ Сонда. 51 об. п.
- ¹⁰⁷ Отчет по ревизии Туркестанского края ... Городское управление. С. 260.
- ¹⁰⁸ Сонда. 261-б.
- ¹⁰⁹ ОР ОММ. и-1 к., 20 т., 1753 іс, 51 п.
- ¹¹⁰ Обзор Семиреченской области за 1893. С. 29.
- ¹¹¹ Обзор Семиреченской области за 1914 г. Верный, 1915 г. С. XLXI.
- ¹¹² Всеподданнейший отчет и.д. военного губернатора Семиреченской области за 1914 год. 8 об. п.
- ¹¹³ Обзор Семиреченской области за 1893 г. С. 27-28.
- ¹¹⁴ ОР ОММ. и-1-к., 20-т., 1753-іс, 50-п.
- ¹¹⁵ Сонда. 50-50 об. п.
- ¹¹⁶ ОР ОММ. и-1-к., 20-т., 1753-іс, 45-46-пп.
- ¹¹⁷ Обзор Семиреченской области за 1893 год. С. 30-33.
- ¹¹⁸ Сонда. С. 32-33.
- ¹¹⁹ Обзор Семиреченского области за 1913 г. Верный, 1915 г. С. 71.
- ¹²⁰ Сонда. С. 72-73. 62
- ¹²¹ Сельскохозяйственный обзор Семиреченской области за 1915 г. Верный, 1916 г. С. 90-91.
- ¹²² Сонда.
- ¹²³ Сонда.
- ¹²⁴ Сонда.
- ¹²⁵ Сонда.
- ¹²⁶ ҚР ОММ. 44-к., 1-т., 48256-іс, 56 об., 85 об. пп.; гР ОММ. 1- к., 12-т., 32-іс, 32 об. п.

- ¹²⁷ Социалистическое строительство в селах и аулах Семиречья 1921-1925 гг. // Документы и материалы. Ч. 1. Алма-Ата, 1957. С. 23.
- ¹²⁸ Сонда.
- ¹²⁹ ОР ОММ. и-1-к., 12-т., 240-ис, 23 об. 24-п.; Сонда. 396-ис, 32 об. п.; Сонда. 529-ис, 13 об. п.
- ¹³⁰ ОР ОММ. и-1-к., 12-т., 240-ис, 23-п.; Сонда. 529-ис, 15-п.
- ¹³¹ Сонда. 1-к., 12-т., 529-ис, 15-п.
- ¹³² Сонда. 1-к., 12-т., 396-ис, 32 об. п.
- ¹³³ Сонда. 1-к, 12-т., 529-ис, 14-п.
- ¹³⁴ ОР ОММ. 1-к., 12-т., 80-ис, 14-п.
- ¹³⁵ ОР ОММ. 1-к., 20-т., 1753-ис, 7-8-пп.
- ¹³⁶ ОР ОММ. 1-к., 12-т., 240-ис, 24-п.; Сонда. 396-ис, 32 об. п.
- ¹³⁷ Сонда. 529-ис, 14-п.
- ¹³⁸ Сонда. 240-ис, 24-п.; 396-ис, 32 об. п.; 529-ис, 14-п.
- ¹³⁹ Қараңыз: Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. Алма-Ата, 1960. С. 285; ОР ОММ. 1-к., 20-т., 1753-ис, 6-6 об. пп.
- ¹⁴⁰ ОР ОММ. 1-к., 20-т., 1753-ис, 6 об. п.
- ¹⁴¹ Сонда.
- ¹⁴² Обзор Семиреченской области за 1893 год. С. 82.
- ¹⁴³ ОР ОММ. 1-к., 12-т., 8-ис, 14 об. п.; Обзор Семиреченской области за 1906 г. С. 96.
- ¹⁴⁴ Обзор Семиреченской области за 1913 г. С. 93.
- ¹⁴⁵ Семиреченские областные ведомости. 1890, 27 февраля, №9.
- ¹⁴⁶ Туркестанские ведомости за 1905 г., 6 января, № 4.
- ¹⁴⁷ Обзор Семиреченской области за 1913 г. С. 93.
- ¹⁴⁸ Сонда. С. 96.
- ¹⁴⁹ Обзор Семиреченской области за 1913 г. Верный, 1915. С. 73-75.

¹⁵⁰ Сонда. С. 80.